



www.farabishakirti.kz

[@farabishakirti.kz](https://www.facebook.com/farabishakirti.kz)

[@farabishakirti.kz](https://www.instagram.com/farabishakirti.kz)

Ushqyr orla! Brikke samğa! Álemdi sharla!

Farabı

№07

ШІЛДЕ

2023

shákirti

ЗЕРЕК ЖАСӨСПІРІМДЕРГЕ АРНАЛҒАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ

Жайлауым менің

Жұмбақ жоталы жайлауым менің,
Қойнында сенің қойлы ауылды елім.
Ата-бабамнан аманат болған,
Армысың, арма, аймағым менің.

Жайлауым менің – атамекенім,
Сағынып аунап жата кетемін.
Төсінде мініп асау тайға алғаш,
Өмірдің сезгем асау екенін.

Ахат ӘШУУЛЫ

«Ассы — Түрген» жайлауы

Ұландарымыз іздеген асыл қазына — «Farabi shákirti» журналында

Мемлекеттің басты құндылығы - адам. Адамның баға жетпес байлығы – отбасы, таусылмас қазынасы – балалары.

ҚҰРМЕТТІ АТА – АНА!

Ұл – қызыңызға «Farabi shakirti» журналын жаздырып берсеңіз, парақтап оқып, білген әр бала ертеңгі елдің патриоты, ғасырдан астам тарихы бар қазақ баспасөзін сақтап қалушы ұлт жанашыры болады деп бағалаймыз! Сенеміз! Аманат етіп тапсырамыз! www.farabishakirti.kz;

f farabishakirti.kz;

ig farabishakirti.kz әлеуметтік парақшаларымызды ақтарып, қараңыз!



Farabi shákirti

№07 (№47) шілде 2023

Журнал 2019 жылдың наурыз айынан бастап, айына 1 рет шығады (Электронды нұсқа).

Шығарушы және меншік иесі
«MODERN MEDIA ALMATY» ЖШС

Директор-Бас редактор: **Жанастан КУЧУКОВА**
Тілшілер: **Жұлдыз ӘБІЛ,**
Тамила ИБРАГИМОВА
Безендіруші-дизайнер: **Раушан БАҚЫТЖАН**

Редакцияның мекенжайы: 040600
Алматы облысы, Ұзынағаш, Тәуелсіздік, 81
87017309312

E-mail: farabi_shakirti@mail.ru

ТАРАЛЫМЫ– 205 ДАНА.

Зерек жасөспірімдерге
арналған
Республикалық басылым

Журнал Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 28.01. 2019 жылы тіркеліп, №17481-Ж куәлігі берілді.

...

Сайт Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінде 17.02.2021 жылы тіркеліп №KZ43VPY00032526 куәлігі берілді.

...

Жарнама мен хабарландырулар жарнама берушінің қалаған тілінде жарияланады.

...

Журнал материалдарын көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.

...

Журнал бетінде жарияланған оқырмандарымыздың көзқарасы мен олардың шығармаларының нақтылығы үшін редакция жауап бермейді.

Журналдың электронды нұсқасы «Farabi shákirti» редакциясында қапталды.

**Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:**



**«БАЛАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҒЫН, ДЕНСАУЛЫҒЫН САҚТАУ,
ЖАС ҰРПАҚҚА БІЛІМ БЕРІП,
ДАМУ – БІЗДІҢ БАСТЫ МАҚСАТЫМЫЗ»**

Біз Қазақстандағы барлық балалардың бақытты болашағын қамтамасыз етуіміз керек. Біз әр баланың үніне құлақ асуымыз қажет»

«...Ең бірінші, билік тарапынан балаларды қорғау үшін денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қолдау бағытында нақты шаралар қолға алынуы керек. Өскелең ұрпақтың үйлесімді дамуы мен бақытты балалық шағы – біздің жалпыұлттық міндеттіміз».

«Балалар арасында жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды дәріптеген абзал. Оқушылар мектеп бітіргенде, ең алдымен, адал азамат болып шығуы керек. Отаншылдық және мемлекетшілдік қасиет әр баланың бойынан табылуы қажет. Балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелейтін патриоттық ұйымдардың жұмысын жандандырған жөн.

Отанға деген сүйіспеншілік бұл – үлкен жиындарда ұран тастау немесе тек ән шырқау емес. Отаншылдық бұл – шынайы патриоттық сезім. Тұратын үйінді, ауланды, қаланды таза ұстау, қоғамдық орындарды бүлдірмеу, ұқыпты болу, яғни әр жерге қоқыс лақтырмау, түкірмеу деген сөз. Өкінішке қарай, қазіргі таңда елордамыздың өзінде азаматтарымыз қоршаған ортаға бейқам қарап, әсіресе, жаз кезінде саябақтарды қоқысқа толтырып кетіп жатады. Мұны жасап жатқан бөтен біреу емес, өз азаматтарымыз. Астанаға келген шетелдіктер, көптеген қонақтар соның бәрін көреді, таңғалады. Әрине, бұл – ұят нәрсе. Өйткені өз Отанын шын сүйетін адам оның табиғатын қорғайды, әр гүліне, әр ағашына жанашырлықпен қарайды, бір сөзбен айтқанда, нағыз патриот екенін нақты іс-әрекетімен көрсетеді».

**Мемлекет басшысының «Twitter» парақшасы мен
Республикалық жиындарда сөйлеген сөздерінен.**

Қадыр Мырза Әли

Базына

Дарқан дала дәулет боп тасиды енді.
Тасиды енді,
Ешкімге бас имейді.
Керегенің түбінде керілдің бе?
Балкон емес ол саған тас үйдегі!
Ақ көйлекті әдемі қайда қайың!
Айлы түнде самал боп аймалайын,
Жайлауды сен көрдің бе?
«Жайлау» атты
Ресторан емес ол, айналайын!
Қалай маған даланы мұра демес?!
Дала болып алдымда тұрады елес.
Шымырлаған бұлақтан су іштің бе?
Құбыр емес ол саған,
Кран емес!
Біртұтас боп тұрғанмен әлі ғалам,
Басқашалау өсірді сені қалаң.
Киіз үйді,
Жайлауды,
Даланы ұқпай,
Ұқпайсың ғой,
Ұқпайсың мені, балам!

Ғафу Қайырбеков

Ұмытпан Сары жайлау

Ұмытпан Сары жайлау, салқын кештер,
Аспанда ала бұлттар - алтын көштер,
Сендер де серілікті сағынғанда
Аунаған бауырында ақынды ескер.
Тауларым гүл омырау, шалғын иық,
Жырымды тыңдап едің балқып ұйып.
Сәскеде жұмақ үні естілгендей,
Тұрғандай аспаныңнан бал құйылып.
Ақ түнге қара жартас құрбыдай боп,
Үстіне қонушы еді сырғып Ай кеп,
Осының бәрін керіп, бәрін сезген
Айқайлап алушы едім: «Тірлік-ай!» - деп,
Самал тау, Саға-Бүйен, Баянжүрек,

Арнап көп ақын содан жай алды деп,
Арасан хабар айтып ойдағы елге,
Азамат амандыққа қол алды кеп.
Қариялар - мәңгі өмірдің үгітіндей,
Жылдардың жел өтіне үгітілмей,
Сексенде селкілдейін деген ой жоқ,
Қылшылдар қырықтағы жігітіндей,
Жасы үлкен, жайдары жүз, шіркін ағам,
Мұртынан қымыз исі бұрқыраған,
Қаңтарда қағып түскен олжам ғой деп,
Алтайы сыйлап еді түлкі маған.
«Күрөңбел, «Сайымбөлек», «Сандал көлім»,
«Баласаз» ара қонып барған жерім,
«Зәуренің көк сайына» көкірек басып,
Көңілімнен шығып кеткен арман менің.
Баурында болсам шіркін ала жаздай,
Қаңқылдап қанаттанып бала қаздай.
Тәңірінің өз үйінде жатқандай боп,
Мәңгілік жасар мұнда адам азбай.
Қымызы тамыр жайлап, буын қуып,
Қырық жыл жүрсең-дағы суық ұрып,
Есіл ер ендігәрі есен бол деп,
Жұпармен жібереді жуындырып.
Басыма бақыт түнеп, дәулет қонып,
Жағалай жан-жағымда сәулет толып,
Баурында, Баянжүрек, кештім дәурен
Бір ауыл ақын деген әулет болып.
Түсер жол ер жігітке талай тарап,
Қасиетті қазақы жер, бұл бай танап,
Қайтқан жаз, қайран көңіл кетпес естен,
Рахатын жеті атамның бір қайталап.

Абдрахман Асылбек

Жайлауда

Өткізген ем аз күнді,
Жайлау қандай тым қызық.
Деді атам: «Бас білдір», –
Асау тайға мінгізіп.
Жүрек тулап сол замат,
Кетті көзім бұлдырап.
Айт-шу десе болғаны-ақ,
Тайым шабар құлдырап.
Балалары малшының
Маған күле қарайды.
Шаппай жатып, бар шыным,



Құламасам жарайды.
Қарадым бір маңыма,
Намыс оты жалындап,
Жабысып тай жалына,
Шауып кеттім арындап.
Ай, бір кезде кенеттен
Мұрттай ұштып құладым.
Балаларға не бетпен
Қараймын деп жыладым.
Болғаныма табансыз
Қатты ұялдым, қысылдым.
Жас төгудің жарамсыз,
Іс екенін түсіндім.
Балаларға байқаған
Жібермедім ақымды.
Қарғып мініп қайтадан,
Тайға бастым тақымды.
Жок, бұл жолы кәйтем деп,
Зәре-құтым қашпады.
Астымдағы тай тентек
Жайлап желе бастады.
Осылайша тұңғыш мен
Жайлауменен таныстым.
Өрең-әрең мінгізген
Тентек таймен табыстым.
Ақсу - Алматы 1966

Светқали Нұржан

Жайлауда — жазғы құтпанда

Жайлауда — жазғы құтпанда
Жайлауда —
Жазғы құтпанда
Уызын ішем іңірдің.


Көкжиек толғап жұтқанда
Өткен-ді зорға сіңір - күн...
Уыздай іңір тұр кілкіп,
Меймілдеп астау ойларға.
Ашқарақ көңіл түнге ынтық —
Жұтудан, сірә, тойған ба?!
Көзімнен жұлдыз шұбырып,
Жайлайды бойды құмар — у.
Тылсымнан — Шашқа
тығылып
Тұрғандай қарап бір ару.
Жібек құм қолдан сусыды,
Құс жолы — ізі қара аттың...
Жеткендей талып сусылы
Аққулар қаққан қанаттың.
Көк пенен Жерге тең сеуіп
Ай — нұрдан перде құруда.
Таразы қалған теңселіп,
Сұқтанып Сүмбіл сұлуға.
Жетпекке батыс — тұраққа,
Шыққаны шығыс — жер түбі
Естілетіндей құлаққа
Есекқырғанның еңтігі...
Өмір заядан айрылып
Тартқандай Түннің түрі өзге —
Көкжиек Айды май қылып
Жіберді жұтып лезде.
Үмітін Үркер талмайды,
Ұмтылып көкке біртіндеп —
«Қарақшылардан» қалмайды
Алайда қызы — Үлпілдек...
Бағалап бақты қолдағы,
Тыншығар сәтті аңсар тән.
Ұйқыға кетем мен-дағы
Туғанда барып Таң — Шолпан.
Бақыттан бойым бусанды,
Жалғанда жанмын — өзі бай!
Жастанып бір түп жусанды
Жатамын тойған қозыдай...

Түсіме кіріп үр қыздар,
Тоямын уыз — нұр сүтке.
Түнімен аққан жұлдыздар
Қалады тұнып кірпікке...

Түрік поэзиясы

Жайлауда бар бір бұлақ
Жайлауда көп өзендер,
Ал, бұлақтар санаулы.
Бір сиқырды сезем мен,
Мазалаған санамды.
Шырын сүйіп, жас тамды,
Шын махаббат басталған.
Бұлақ көзін ашқан-ды
Фархат жарып тастардан.
Шырын қыздың сондағы
Махаббаты ғажап қой!
Сүйменімен жолдағы
Тасты тесу азап қой...
Фархат солай жары үшін
Тіл бітірген тастарға.
Жақындатқан алысын,
Сезім жолын бастауға.
Ал, опасыз Асылы
Жол берген бе Керемге?
Арман болған ғашығы
Тағдыр оған керең бе?
Орнында тұр сол жайлау,
Бүгін бәрі басқаша.
Шын ғашықтық болмайды-ау,
Бұлақ көзін ашпаса.

Дереккөзі: bilimall.kz;
Zharar.kz



Әл-Фарабидің қала басшысына тән 12 қасиеті туралы айтқаны



Ғұлама «Қайырымды қала» трактатында «Қайырымды қала қолбасшысының елді қорғаудағы 12 ерекше қасиетіне тоқталады, оның негізгілері:

- *көкірек көзі ояу;**
- * қиындықты жеңе білетін;**
- * нәпсіге берік;**
- * рухы биік;**
- *намысты, батыр болуы қажет» деп келтіреді.**

Ғалымның пайымдауындағы 12 қасиет:

1. Кішіпейілділік, қол ұшын беру: «Адам туралы айтсақ, оларды қосатын, байланыстыратын дәнекер тұтқа адамгершілік болып табылады. Сондықтан адамзат тегіне жататын болғандықтан, олар өзара бейбітшілікті, татулықты сақтаулары қажет». (Көбесов А. «Әл-Фараби мен Абайды қатар оқығанда: Зерттеу еңбегі» кітабынан, 10-б.)

2. Адамгершілік-имандылық тәрбиесі туралы өнегесі: Мәрттік, жомарттық; (мінез-құлық туралы) «Біз мінез-құлық сапаларының абзалы да, оңбағаны да жүре келе пайда болады дейміз. Адамда қалыптасқан мінез-құлық болмаса, қарама-қарсы мінезқұлыққа өз еркімен көшіп кетуі мүмкін. Адамның белгілі бір мінез-құлыққа ие болуына немесе жақын жұғысудың арқасында бір мінез-құлықтан басқа бір мінез-құлыққа ауысуына себепші болатын нәрсе – әдет, ал әдет деп мен белгілі бір әрекеттің жиі және ұзақ уақыт қамтылуын айтамын. Мінез-құлықтың қалыптасуы жолдары өнер үйрену жолдары сияқты ...» (Көбесов А. «Әл-Фараби мен Абайды қатар оқығанда: Зерттеу еңбегі» кітабынан, 12-б.)

3. Қайырымды қала басшысының қасиеттері туралы: Қайырымды қаланың бірінші басшысы, ол – қайырымды халықтың басшысы және жер жүзін мекендейтін елдің басшысы. Өз бойында туа біткен он екі қасиетті ұштастырған адам ғана осындай бола алады. Біріншіден, бұл адамның мүшелері мүлде мінсіз болуға тиіс, бұл мүшелердің күші өздері атқаруға тиісті қызметті аяқтап шығу үшін мейлінше жақсы бейімделген болуы керек, сонда егер осы адам әлдебір мүшесінің жәрдемімен әлденедей бір іс істемек болса, ол мұны оп-оңай атқаратын болады; жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсінетін, айтылған сөзді

сөйлеушінің ойындағысындай және істің жай-жағдайына сәйкес ұғып алатын болуы керек; өзі түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселердің бәрін жадында жақсы сақтайтын, олардың ешқайсысын ұмытпайтын болуы керек. Әйтеуір бір заттың кішкене ғана белгісін байқаған кезде сол белгінің ишаратын іліп әкетерліктей алғыр да аңғарымпаз ақыл иесі болуы шарт: Өткір сөз иесі және ойына түйгеннің бәрін айдан анық айтып бере алатын ділмар болуы шарт. Өнер-білімге құштар болу, оқып-үйренуден шаршап-шалдықпай, осыған жұмсалатын еңбектен қиналмайтын, бұған оңай жететін болу керек. Тағам қабылдағанда, сыр-сұхбат құруға келгенде қанағатшыл болу керек, жаратылысынан сауыққұмарлықтан аулақ болып, бұдан алатын ләззатқа жирене қарауы шарт. Шындық пен шыншыл адамдарды сүйіп, өтірік-жалған мен суайттарды жек көру керек. Жаны асқақ және ар-намысын ардақтайтын болуы шарт. Оның жаны жаратылысынан пасық істердің бәрінен жоғары болып, жаратылысынан игі істерге жақын болуы тиіс. Дирхем, динар атаулыға, жалған дүниенің басқа да белгілеріне жирене қарауы керек; жақындарына да, жат адамдарға да әділ болып, жұртты әділеттілікке баулып, әділетсіздіктен зардап шеккендердің залалын өтеп, жұрттың бәріне өз білігінше жақсылық пен ізгілік көрсетіп отыруы қажет. Әділ болуы керек, бірақ қыңыр болмауы керек, әділеттілік алдында мінез көрсетіп қасарыспау керек, бірақ әділетсіздік пен пасықтық атаулыға мүлде рақымсыз болуы шарт. Өзі қажет деп тапқан істі жүзеге асырғанда қолдау көрсетіп, бұл ретте қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ержүрек болуы керек. («Қазақтың тәлімдік ойлар антологиясы. Құрастырған: Қалиев С.Қ., Аюбай К.Қ. Он томдық/ 3-том: Көне жазба мұралар тағылымы (б.з.б. I

мыңжылдық – XV ғ. соңы)» кітабынан, 151-б.)

4. Қайрат-жігер, ерлік, батырлық туралы: «Ерік күші дегеніміз – ең алдымен түйсіктен шығатын қалау, ол жанның талпынушы бөлігіне жатады, ал қабылдау болса сезімге жатады. Осыдан кейін жанның қиялдаушы бөлігі пайда болады, осының арқасында қалау пайда болады. Бірінші ерік күшінен кейін екінші ерік күші келеді. Екінші ерік күші қиялдан шығатын қалау болып табылады. Осы ерік күшінің арқасында адам жанның ақыл-парасатты бөлігінде әрекетшіл ақыл-парасат тудыратын алғашқы білімді қабылдай алады. Сол кезде адамда үшінші ерік күші пайда болады, басқаша айтқанда ойлау қабілетінен шығатын қалау туады. Бұл ерікпен таңдау деп аталады. Бұл нәрсе еш жағдайда да басқа жан-жануарға тән емес, тек қана адамға тән құбылыс және осының арқасында адам мақталатын, не датталатын, жақсы не жаман қылықтар жасайды, сол үшін не сый-құрмет көреді немесе керісінше болуы мүмкін. Алғашқы екі ерік күші ақыл-парасатсыз жануарларда болуы мүмкін. Ал егер ерік күшінің барлық түрі бірдей адамда болатын болса, онда ол, қайырымдылық пен зұлымдықты, жақсы мен жаманды ажырата алатын қабілетті болып, бақытқа талпына алады». («Әбу Насыр әл-Фараби. Таңдамалы трактаттары» кітабынан, 405-б.)

5. Еңбек — өнер тәрбиесі туралы өнегесі: Өз еңбегінің нәтижесін көру. «Қайсыбір салада оң нәтижеге жетуге қабілетті адамдар қабілеті жоқ адамдардың басшысы болады. Нәтижеге жетуге көбірек қабілеті бар адамдар қабілеті аз адамдарға басшы болады. Бұл адамдар тәрбиенің нәтижесінде қол жеткізген жақсы немесе кеңесші болу қабілетіне қарай ажыратылады. Жақсы басшылық жасап, жақсы ақылғей болуға қабілеті бар адамдар осы нәрсеге қабілеті жоқ адамдарға басшы болады. Осы сияқты қайсыбір салада жақсы қасиеті бар адамдармен салыстырғанда жаратылысынан жетілмеген қасиеттері бар адамдар жақсы тәрбиенің арқасында, жаратылысынан өте абзал қасиеттері бар адамдардың тәрбиесін көрмегендермен салыстырғанда, анағұрлым лайықты адамдарға айналады. Қайсыбір салада неғұрлым жетілген, тәрбие көргендер соғұрлым кәміл емес тәрбие алғандарға басшы болады. Осындай жаратылысынан өзі бейім нәрсенің бәріне сәйкес тәрбие алғанда осы салада жаратылысынан тамаша қасиеті еш уақытта болмағандарға басшы бола алмайды, олар жаратылысынан тамаша қасиеті бар, бірақ тиісті тәрбие алмағандарға ғана немесе жеткілікті тәрбие алмағандарға ғана басшы бола алады.» («Әбу Насыр әл-Фараби. Таңдамалы трактаттары» кітабынан, 408-б.)

6. Әдемі, шешен сөйлеу туралы: «Халықтар мен қалаларды ерікті түрде оқытып, үйрету үшін пайдаланатын адамдар – бойына ірі қасиеттер мен шешендік өнері дарыған адамдар». («Әбу Насыр әл-Фараби. Таңдамалы трактаттары» кітабынан, 452-б.)

7. Табиғаттың таңғажайып көріністерін сипаттауы: «Ол денелерді, денелердегі заттарды, дүниені құрайтын дене тектерін және дүниені құшағына алған заттарды қарастырады. Тұтас алғанда бұлар – сезіммен қабылданатын заттары бар тектер, атап айтқанда: аспан денелері, онан соң жер, су, ауа, от, бу және тағы басқа, онан соң жер бетінде және жер қойнауында болатын тастар мен минералдар, бұдан кейін өсімдіктер, парасатсыз хайуандар, парасатты жандар әлемдері. Осы тектердің әрбір тектегі түрлері жөнінде зерттеуші болмысы мен болмыстың бастамалары жайлы білім алады». («Әбу Насыр әл-Фараби. Таңдамалы трактаттары» кітабынан, 439-б.)

8. Ән, күйге үйрету, өнердегі әсемдік туралы: «Музыка

асқақтардың арынын басатындығы, кемеліне келмегендерді кемелдендіретіндігі және өз шамасын білетіндерді өз дәрежесінде сақтайтындығы жағынан алғанда өте пайдалы болып табылады. Ол денсаулық үшін де пайдалы, өйткені тән ауырғанда, жан да ауырады, тән азап шеккенде, жан да күйзеледі. Сондықтан жағымды дыбыс көңілді көтеріп, жанды жадыратып, субстанцияға лайықты күш тудырып, тәнді кеселден арылтады». (Көбесов А. «Әл-Фараби мен Абайды қатар оқығанда: Зерттеу еңбегі» кітабынан, 30-б.)

9. Табиғатты аялау туралы: «Табиғат» деген сөз арабтың «табиғ» деген сөзімен түбірлес, ол балауыз тақта немесе қағаздағы басылым, мөр, із, қалып деген ұғымды білдіреді. Ал мұның мәнісі барлық табиғат өзінің бітім-болмысын Алланың күдіретті күшінен алады және осы жасаушының жасау актысының басылымын, ізін, көрінісін өзіне сақтайды. Жасаудың бірінші актысы табиғаттың өзінде қайталанған. Бұл басылым, із Алланың әмірінің белгісі, бейнесі болып табылады. (Көбесов А. «Әл-Фараби мен Абайды қатар оқығанда: Зерттеу еңбегі» кітабынан, 48-б.)

10. Ақыл-білімге үйрету туралы: «Білім, яғни ғылыми мұра қалдырған адам өлгеннен кейін өз қамы үшін ғана қарекет еткен адамнан қадірлі, білгіш, көреген болады, өйткені көп мал-мүлік ғылымға кесірін тигізеді. Сондықтан мұра қалдыру дүниауи қам-қарекетке қарағанда абзал да қадірлі, ол ғылымға кесірін тигізбейді. О дүниелік ғұмырда дәрежеге жетуге кедергі болмайды. Егер, бәлкім, ғылымның басқа адамдары, оның әріптестері бұл мұраны пайдаланса, ол оған өлгенге дейін де, өлгеннен кейін де игілік болады». (Көбесов А. «Әл-Фараби мен Абайды қатар оқығанда: Зерттеу еңбегі» кітабынан, 48-49 б.) «Әрекетшіл ақыл-парасат адамда алдымен жанның түйсіктенуші бөлігі қалыптасып, кейін онда түйсікпен байланысты болатын жанның талпынушы бөлігі дамып және ниет пен жирену қалыптасқаннан кейін ғана адамға әлгі білімдерді және ақылмен пайымдалатын мәндерді береді. Бұл білімдер – әуелгі біліммен және әуелгі ақылмен пайымдалатын мәндер» («Әбу Насыр әл-Фараби. Таңдамалы трактаттары» кітабынан, 405-б.).

11. Әбу Насыр әл-Фараби адамның ақыл қуатына сенген: Ол «Ақыл туралы» трактатында адам ақылы жаратушы күдіретінің бір көрінісі деген. Ғылым, әл-Фарабидің айтуынша, ақылдың нәтижесі, оның екі түрі болады: теориялық және практикалық. Теориялық ғылымдар: логика, табиғаттану ғылымдары, метафизика, практикалық – этика мен саясат (Есім Ғ. «Фалсафа тарихы» кітабынан, 49-б.).

12. Сөзге тапқырлық туралы: Сөзге тапқырлық – жақсы адамдық қасиет және мұның өзі әзілді орнымен пайдаланғанда болатын нәрсе. Адам өз өмірінде оқтын-оқтын демалуға тиісті, ал мұнда шектен тыс кетушілік жанға рахат немесе кеселсіз. Әзілдің көп айтылуы жанды рахатқа батырады. Әзілде тең ортасын ұстай білу сөзге тапқырлыққа жатады, шектен тыс көп әзіл мазақтаушылыққа соғады, ал мұның жетіспеуі әзілдің жоқтығына әкеп соқтырады. («Қазақтың тәлімдік ойлар антологиясы. Құрастырған: Қалиев С.Қ., 35 Аюбай К.Қ. Он томдық. Т.3. Көне жазба мұралар тағылымы (б.з.б. I мыңжылдық – XV ғ. соңы)» кітабынан, 131-б.).

**«Қайырымды қала», Әбу Насыр әл-Фараби.
ile-tany.kz**

Суреттер: «Егемен Қазақстан», «e-history.kz» сайттарынан алынды

Қазіргі Астана қаласы тұрған аумақ – ежелден тоғыз жолдың торабы болған себепті, мұнда көне елді-мекендердің сорабы табылып жатуы заңды құбылыс. Көне қалалардан толық мәліметтер жетпесе де, 1816 жылы Есіл-Нұра өңіріне келген орыс офицері И.Шангин мұнда кішігірім қаланың жұрнағын көріп белгілейді. Бұл – ежелгі Бозоқ қаласының орны болатын. 1927 жылы көне қалашықтың орнында ақмолалық өлкетанушы Л.Семенов қазба жұмыстарын жүргізген. Тарихшы, археолог ғалым Әлкей Марғұлан осы өлкедегі қалашықтар туралы біршама толық мәліметтер түзеді.



Астанаға – 25 жыл

Астана қаласының бұдан кейінгі археологиялық зерттеулер нысаны болуы – 1997 жыл. Отандық археолог Кемел Ақышев алдыңғы зерттеулер мен болжамдар негізінде кешенді жұмыстар жүргізеді. Ғалым басқарған экспедиция нәтижесінде мұнда сонау 8 ғасырдан бастап, кейінгі 16-17 ғасырларға дейінгі аралықта қалалар мен қалашықтар болғаны анықталған. Бозоқ қаласы – қазіргі Астана қаласына негіз болған, ежелгі өркениет нышаны ретінде қарастырылды.

Қазақ ауыз әдебиетінде, тарихи жырларда Қараөткел аталатын өңірде Патшалық Ресей заманында бекініс салына бастады. Ақмола қаласы – XIX ғасырдағы бекіністің негізінде заманауи қала ретінде қалыптасып үлгерген болатын. 1862-жылдың жетінші мамырында осындағы Ақмола казак станицасына ресми түрде қала мәртебесі берілді. Ақмола атауымен Сарыарқадағы үлкен бір облыс аталды. Ақмола бұдан кейін де түрлі даму жолдарын бастан өткерді. Кеңес дәуірінде, 1939 жылдың қазанында Ақмола облыс орталығы болып белгіленді.

Астана қаласы – әлем бойынша мемлекеттің бас қаласы мәртебесіне ие болған жас қалалардың бірі. Астана – XX ғасырдан бергі Қазақстанның төртінші астанасы. Бұған дейін Орынбор, Қызылорда, Алматы қалалары астана мәртебесіне ие болған еді. Әр қаланың астана болуының өзіндік тарихи, стратегиялық маңызы болды. Қазақстанның жаңа астанасын таңдау және оны көшіру, құру – тәуелсіздік кезеңінің өзі талап еткен үрдіс, әрі сәтті мүмкіндік болып табылады.

Алатаудың баурында орналасқан ірі мегаполис Алматының көркем табиғаты, климаттық, сауда-экономикалық, туристік т.б. тұрғыдағы артықшылықтарына қоса, экологиялық ахуал, сейсмикалық қауіпсіздік, тұрғындардың көп шоғырлануы, елдің діл ортасында емес, қиыр оңтүстігінде жатқандығы т.б. елеулі кемшілікті тұстары да байқалған болатын.

Ақмола әрі Тың игеру атты орасан науқан тұсында Тың өлкесінің бас қаласы болған, солтүстік өңірдегі алдыңғы қатардағы қалалардың бірінен саналатын. Мұнда көлік және телекоммуникациялық инфрақұрылым болумен қатар, білікті кадрлар шоғыры да біршама баршылық болатын. Осы аталғандар және басқа да мүмкіндіктерді ескере отырып, ҚР Президентінің жарлығымен 1996 жылы 9 қазанда арнайы Ақмола экономикалық аймағы (ААЭА) құрылған болатын. Бұл – ел астанасын Ақмолаға көшіруге алғышарт болды. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін өзге тілдегі атаулар тарихи әділеттілік бойынша қайтарыла бастады. Осыған орай 1992 жылы Целиноград қаласы мен облысы қайтадан байырғы атауымен Ақмола атана бастады.

ҚР Жоғарғы Кеңесі төралқасының 1992 жылғы 6 шілде шығарған «Орал, Целиноград, Шымкент облыстары мен Целиноград қаласының тарихи атауларын қалпына келтіру туралы» қаулысына сәйкесті қаланың тарихи атауы қайта қалпына келтіріледі.

1. Ақмола қаласы 1997 жылғы 10 желтоқсаннан бастап Қазақстан Республикасының астанасы

болып жариялансын.

2. Ақмола қаласының Қазақстан Республикасының астанасы ретінде ресми тұсаукесері 1998 жылғы 10 маусымда өткізілсін.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы, Жоғары және орталық мемлекеттік органдарды Ақмола қаласына көшіру жөніндегі мемлекеттік комиссия осы Жарлықтың орындалуын қамтамасыз ететін болсын.

4. Осы Жарлық жарияланған сәтінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының Президенті»

Осыдан кейін елдің астанасы Ақмолаға көшетіндігі нақты белгілі болды. 1998 жылдың 6 мамырда ҚР Президентінің Жарлығымен Қазақстанның астанасы – Астана қаласы болып аталды. 1998 жылдың 20 мамырында «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» ҚР-ның Заңы қабылданды. Сол жылғы 10 маусымда тәуелсіз Қазақстанның жаңа астанасының салтанатты ашылу рәсімі болып өтті. Оған шетелдерден ресми делегациялар келіп қатысты. Астана қаласына Алматыдан басшылық корпус, көшіп келе бастады. Алғашында оларды жұмыс істейтін жағдай жасап беру үшін көп тер төгу қажет болды. Министрліктер мен мекемелердің ғимараттарын, өзге де құрылыс нысандарын салу үшін шетелдік құрылысшылар мен жобалаушылар тартылды. Кисе Курокава, Норман Постер сияқты әлемдік танымал қала жобалаушылар Астана қаласының жасампаз құрылысын салуға атсалысты. Астана қаласы осылайша әлемдік құрылыс индустриясының жаңалықтарын жаңа идеяларын жүзеге асыратын алып тәжірибе-сынақ алаңы іспетті болды. Кейбір министрліктер мен мекемелер көршілес қалаларға, атап айтқанда Көкшетауда уақытша көшіп келіп өз жұмысын жүргізді. 1998 жылы ЮНЕСКО-ның шешімімен Астана қаласына «Бейбітшілік қаласы» деген жоғары атақ беріліп, медальмен марапатталған болатын. Бұл атақ қаланың ары қарайғы дамуына зор серпін берді.

Астана қаласы – жеке адамдар тұрғысында да, мемлекет ауқымында да шын мәнінде батыл шешімдердің мекені бола алды. Қаланың жылдам өсіп өркендеп келе жатқандығын ескере отырып, 2000 жылы Қазақстан Үкіметі «Астана қаласын дамытудың бас жоспары туралы» қаулы қабылдады. Бұдан кейін де қаланы дамыту бойынша көптеген маңызды, тың шешімдер қабылданды.

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес 2002 жылғы 1 қаңтардан бастап 2007 жылға дейінгі кезеңді қамтитын «Астана – жаңа қала» арнайы экономикалық аймағы (АЭА) құрылған болатын. Бұл аймақтың құрылысы бойынша алға қойылған міндеттер мен мақсаттар толық орындалуы арқасында қаланың алға қарай дамуына толық негіз қаланды.

Қала Есіл мен Нұраның ортасындағы кең алқапты аумақта салынып, заманауи мегаполиске айналу жолына түсті. Осы уақыттан бергі 25 жыл ішінде Астана қаласы өзінің қалыптасуының алтын дәуірін бастан кешті деуге толық негіз бар. Астана қаласы алғаш Алматы және Сарыарқа атты екі ауданға бөлінеді. Тұрғындар саны алғаш 250 мыңның айналасында болған қалада бүгіндері, 2023 жылдың басындағы мәлімет бойынша 1 миллион 400 мыңға жуықтады. 2030 жылы бұл қалада екі миллионнан



астам тұрғын өмір сүретін болады. Қала төрт тарапқа қанат жаюы нәтижесінде Байқоңыр, Есіл, Нұра, Алматы, Сарыарқа аудандары құрылып, аумағы 797,8 шаршы шақырымға жетті. Астана болмай тұрғанға дейінгі Ақмола қаласында негізінен өзге ұлттар басым болып келген болса, қазіргі күні қазақтардың мұндағы үлесі 82 пайызға жетті. Астана – армандар орындалатын қала. Мұнда Қазақстанның және әлемнің түкпір-түкпірінен келген қаракөздер тоғысып, отбасын құрып, ұрпақтарын өсіріп, жаңа астанамен бірге көркейіп келе жатқаны көз қуантады. Астана қаласының сыртындағы жасыл желекті аймақтың арқасында мұндағы флора мен фаунаға үлкен әсер етті. Астана қаласының аумағында Ботаникалық бақ, Президенттік бақ т.б. заманауи бақтардың болуы – қаланың адамдар өмірі үшін жайлы ете түсуде. Астана – жасампаздық қаласы. Бұл қалада Орта Азиядағы ең биік әрі ең үлкен ғимараттар бар. Олардың жобалаушылары мен тікелей салып шығушылары – отандық мамандар мен құрылысшылар екендігі және құрылысқа жұмсалатын материалдардың біршамасы made in KZ болуының өзі біздің еліміздің осы ширек ғасыр ішіндегі жетістігіміздің көрінісі болып табылады.

Астана – осы қысқа мерзім ішінде мемлекетіміздің саяси, әкімшілік, экономикалық, мәдени орталығы бола алды. Астана – елдіктің, ұлттық бірліктің, жасампаз жастықтың нышанына айналған қала. Ширек ғасырлық мерекесін тойлап отырған Астана қаласының болашағы алдағы кезеңде бұдан да зор болатындығына сеніміміз зор! Жаса, жайнай бер, Астана!

Автор: Керім Наурызбай,
«Қазақстан тарихы порталы»

Қасым-Жомарт Тоқаев,
Қазақстан Республикасының
Президенті:

*«Жұртымыз қашанда
бейбіт өмірді бағалай
білген. Біз осы ұстанымнан
айнымаймыз. Ол үшін
елімізге береке-бірлік,
өзара түсіністік қажет.
Ислам адамдарды бөлінуге
емес, бірлікке шақырады.
Имандылық – ең асыл
қасиет. Сондықтан,
дәстүрлі дініміз ұрпақ
тәрбиесінің өзегі
болуы керек. Ұрпаққа
осындай өнегелі тәрбие
беру – бәріміздің ортақ
міндетіміз».*



«Ұрпаққа осындай өнегелі тәрбие беру – бәріміздің ортақ міндетіміз»

«ПҰСЫРМАН БАТЫРДЫҢ ҰРПАҒЫ»

Мемлекет басшысы айтқан «Өнегелі тәрбие беру – бәріміздің ортақ міндетіміз»- дейтін арамыздағы ардагерлеріміз ұрпақ алдындағы міндетінен айнымаған емес. Бар білген-түйгенін арқалап, жас жеткіншектердің жүрегіне жеткізбек ниетте бір сәтке тыным таппай, әр жас өренді имандылыққа, мейірім мен жауапкершілікке, отансүйгіштік, еңбекқорлық қасиеттерді дарытуға бар уақытын сарп етуде. Тәрбиенің ең маңызды құралдарының бірі – кітап. Жазушы Мұхаметжан Етекбаевтың шығармалары кейіпкерлері негізінде рухани құндылықтарды балаларға айтып, қалдыруды парызы санаған жандардың бірі- Айдарбекова Хазима Қожақанқызы.

Хазима Қожақанқызымен алғашқыда мектепте бала оқытқан ұстаз ретінде таныстық. Кейіннен балалар жазушысы Мұхаметжан Етекбаев ағамыздың жары екенін білдік. Кеңірек таныса келе Алматы, бұрынғы Верныйдың құрылысын дамытып, бау-бақшасын, жасыл желегін көркейтуге бар өмірін арнаған, халқына жанашыр бола білген қоғам қайраткері - Медеу Пұсырманұлының шөбересі деп құрмет көрсетудеміз. Әңгімелесе келе Хазима Қожақанқызы аталары туралы үлкендерден естігенімен бөлісті. Медеудің ұлы Айдарбек, оның ұлы Қожақан, яғни Хазима тәтенің әкесі болып келеді.

– Шежіреге сүйенсек, Медеудің Жайшыбек, Омарбек, Айдарбек, Ахметбек, Рақым, Мамытбек, Шаймерден, Шаяхмет, Нәдірбек, Сейдахмет, Нүсіпбек, Шайкамал атты ұлдары болған. Үлкен ұлы Жайшыбек бар-жоғы 40 жыл өмір сүргенімен, өте дарынды әрі белсенді жан болған деседі. Ол Верный ерлер гимназиясында Тоқаш Бокинмен бірге оқыған екен. Тағы көптеген туыстары мен үрім-бұтағы Ұлы Отан соғысынан оралмаған,- деп еске алады Х.Айдарбекова.

“ОЙЖЕЛКЕ ПҰСЫРМАН ЕР”

Пұсырманды ел-жұрты, замандастары “Ойжелке Пұсырман ер” деп атап кеткен.

— Пұсырман ағамыз Сұраншы батырмен үзеңгілес аттан түспей қокандықтармен соғысып, жауды жеңген батырлардың бірі. Қос батырдың ерлігі, достығы турасында М.Етекбаев «Қызылала Жолбарыс» атты аңыз әңгімесінде жазған. Жазушы Нағашыбек Қапалбекұлының да зерттеу мақалаларында көп айтылады. Жазушының «Медеу Пұсырманұлы хақында не білеміз?» атты мақаласы «Әділет» газетінің 2018 жылғы 15- наурыздағы нөмірінде жарияланған, – дейді Хазима ана.



«ҰРПАҚ ТӘРБИЛЕГЕН ҰТАДЫ ЕКЕН»

—Түркі халықтарына ортақ ұлы ойшыл, жырау, қобызшы Қорқыт атаның осынау ұлағатты сөзін әлі күнге жадыма сақтап келемін. Ұрпақ тәрбиесі туралы айтылған ғұламаларымыздың даналық сөздері аз емес. Қайсысы болса да, балалар мен жасөспірімдер тәрбиесіне арналған, - дейді Хазима Қожақанқызы. Әлі күнге қолынан келгенше, бала тәрбиесіне пайдм тисін деген қарт ұстаздардың бірегейі десек артық айтқандық емес. Жасы тоқсанға тақаған кейуана 1937 жылы 11-мамырда Алматы қаласында туған. Мектепті үздік бітіріп, оқуын колледжде жалғастырады. 1960 жылы алғаш еңбек жолын бастайды. 1961 жылы журналист Мұхаметжан Етекбаевпен отау құрады. Жолдасының шығармашылығымен танысып, оларды орыс тіліне аударумен айналысады. 1964 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің филология факультетіне түседі.

— Мәдениет министрлігінің арнайы бұйрығымен Мұхаметжанды 1966 жылы Жамбыл атындағы мемориалдық-музейі үйіне директор етіп тағайындады. Содан Жамбыл ауылына көштік. Мен экскурсия жүргізушісі қызметіне кірістім. Екеуіміз бірге музейдегі экспонаттарды ретке келтіріп, келген қонақтарға жыр алыбының бар шығармашылығынан мол мағлұмат беруге тырыстық. Одақ көлемінде музейге келетін адамдардың саны өте көп болды. Ломоносов атындағы ММУ-дің оқытушысы, тарих ғылымдарының докторы, профессор Владимир Слободянюк бір топ ғылыми қызметкерлермен келіп, ақын мен музей туралы айтылған мәліметтерді асықпай тыңдады. Содан кейін маған Жамбыл туралы кандидаттық диссертация қорғау туралы ұсыныс айтты,- деп еске алады Хазима тәте.

— Қай маман иесі болмасын, адамды танытатын, абыройын асыратын қасиеті – біліміне сай біліктілігі, мәдениеттілігі мен қарапайымдылығы. Шәкірттердің жеке тұлға ретінде қалыптасуы үшін оларды патриоттық рухта тәрбиелеуге көп көңіл бөлдім. Қазақша ертегі, әңгіме, батырлар туралы дастанды орыс тіліне аударып, айтып беретінмін. Көбінесе балаларды ана тілімізде сөйлесін, тіл байлығы артсын деп, қазақ тіліндегі балаларға арналған шығармаларды айтып беруге ұмтылатынмын. Сабақты барынша қызықты етіп өткізуге тырысып, барлық оқушыны сабаққа қатыстыратынмын,-деп бала оқытқан ұстаздың жауапкершілігі қай заманда жоғары, мәртебесі биік болғанын әңгімелейді отбасында ұл-қыз тәрбиелеп, немере мен шөбере сүйген ардақты ана.

Ж.Кучукова,

Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі

Пұсырмандай ерден қалған асыл тұяқ – Медеу есімі күллі жалпақ жұртқа танылды. Ол өзінің кім екенін замандастарына ісімен, өнеге-үлгі ғұмырымен танытты. Медеу 1850 жылы қазіргі Алматы облысы Жамбыл ауданында дүниеге келіп, 1908 жылы Алматы қаласында қайтыс болған. Медеу – сәулетіне дәулеті сай, арабша да, орысша да хат таныған дәулетті болған адам. Сондықтан да өскен ортасына көмегі көп тиген. Әсіресе табиғатқа шын жанашыр бола білген.

Аталары – Пұсырман мен Медеу және әке жолын ұстанған Қожақан Айдарбекұлы да ел басына қиын күндер туған XX-ғасырдың 30- жылдары анасы Алишамен көптеген адамдарға көмек қолын созған жандар еді. Әкесі – өз заманының білімді адамдарының бірі болған. Анасы халық ауыз әдебиетін жақсы білген. Өлең сөзге жүйріктігімен ерекшеленіп, айтыстарға қатысып, бірнеше мәрте бәйге алыпты.

Айдарбекова Хазима Қожақанқызы «Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің үздігі». Халық депутаттарының Қарақыстақ селолық округіне депутат болып сайланған. «Өнер халықтікі» атты Сүйінбай ақынның шығармашылығы туралы ізденіс жұмыстары «Бүкілодақтық сыйлыққа ие болды. «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысына -70 жыл», «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысына -75 жыл» мерекелік медалдарымен марапатталды.

«Қазақстан Тәуелсіздігіне - 30 жыл», «Бауыржан Момышұлы атындағы «Намыс» медалдарының, «Қоғам қайраткері» төсбелгісінің иегері. Есімі «100 Ұлт жанашыры» кітабына жазылған еңбек ардагері. Қазақстан Республикасы Президентінің «Алғыс хатымен» марапатталды. Қайырымдылық істері және Еліміздің әлеуметтік - экономикалық дамуына қосқан үлесі үшін «Алтын Жүрек» номинациясына ие болды. Зейнеткерлігіне қарамастан М. Етекбаевтің 80 жылдығына орай әдеби - мемориалды музей ашып, оның ғылыми жетекшісі де, демеушісі де өзі болып еңбек етіп келеді.

М.Етекбаевтің «Қызыл ала жолбарыс» атты кітабын өңдеп, толықтырып басып шығарды.

МЕДЕУ ПҰСЫРМАНҰЛЫ ХАҚЫНДА НЕ БІЛЕМІЗ?

Біз Медеу жайлы не білеміз? Әйгілі Медеу мұз айдыны мен бір ауданның есімін алып отырған Медеу кім? Қазір күллі қазаққа белгілі Медеу жайлы әңгімелегенде алдымен оның шыққан тегі, әкесі жайлы әңгімелегенді жөн көрдік.

Медеудің әкесі Пұсырманның арғы бабасы шежіреге үнілер болсақ, ақындар мен батырлар елі атанған – Шапырашты, соның ішінде Есқожа. Есқожадан үш ұл – Алысай, Алтынай, Шуаш. Алтынай – қатарынан аты озған, сөзі дәуірінде дүрілдеп жүрген, айтқаны келген әулие, шешімін кесіп айтқан, бәріне абыз атанған қадірлі жан болған. Алтынайдың бәйбішесінен алты ұл – Қойшегір (Бессары), Байшегір, Жаншегір, Бекшегір, Нұршегір, Болай, екінші әйелінен – Тоқтамыс, Шағаман, ал үшінші әйелінен – әйгілі Қарасай батыр туған.

Болай – еті тірі, пысық, жұртты ерлікке, диқаншылық кәсіпке шақырып, жақсы іске ұйтқы болған. Болайдың – Бикісі, Құлкісі, Боранғазы, Жолдыбай, Шақа деген бес баласы да намысын ешкімге жібермеген ынтымағы жарасқан, әрқашан қазақ-қырғыз арасында бедел-абыройға ие болған дәулетті ата екен. Болайдың кенжесі Шақадан – Жайықбай, Дүйсенбі, Доғалақ есімді үш ұл тарайды.

Жайықбай – қолы ашық, төрінен қонақ үзілмеген, кермеден ат кетпеген жомарт жан болыпты. Жайықбайдан – Малбасар, Сәмен, Құл. Ал, Құлдан – Пұсырман, Серікбай, Төлебей, Күзенбай, Саркөбек. Енді міне, осы Пұсырманнан – Күртібай, Медеу, Батырбек атты үш ұл тарайды, – деген еді бізбен әңгімесінде ғалым, педагог, Ұлы Отан соғысының ардагері Мұштай Батырбеков ата шежіресін жан-жақты таратып.

Пұсырманды ел-жұрты, замандастары “Ойжелке Пұсырман ер” деп атап кеткен. Пұсырман Сұраншы батырмен түйдей құрдас екен, екеуі керемет дос, бауыр болған.

– Хан Кәшкенің ұрпағының тізесінен қос адым төмен отырасыңдар, – дейді Сұраншы батыр қырық құрсаулы, тоқсан баулы хан Кәшкенің туын тігіп қойып, – Бірақ оң жақ тіземнің жанында ойжелке Пұсырман ғана отырады. Ойжелке Пұсырманды өлімнен екі рет алып қалдым, ол бір рет жау оғынан сақтап қалды. Екеуміз ит жейдеміз бір жылы тозған төл құрдаспыз ғой, ажал бізді алуға асықпапты, ақыреттік дос осындай болар, сарбаздарым! – деп Пұсырманды қасынан тастамаған.

Ойжелке Пұсырманның ерлігі, Сұраншымен достығы жайлы



жазушы Мұхаметжан Етекбаев жазды. Пұсырмандай ерден қалған асыл тұяқ – Медеу есімі күллі жалпақ жұртқа танылды. Ол өзінің кім екенін замандастарына ісімен, өнеге-үлгі ғұмырымен танытты.

Медеу – сәулетіне дәулеті сай, арабша да, орысша да хат таныған дәулетті болған адам. Сондықтан да өскен ортасына көмегі көп тиген. Әсіресе табиғатқа шын жанашыр бола білген.

1902 жылғы ашаршылықта Медеу аш адамдарға барынша көмектесіп, қазақтың “Балдан тамады, бардан жұғады” дегендей, кедей-кепшік, шығайларға көп болысып, жәрдемдесіп, олардың қашанда таптырмас қамқоршысы болған және де ет дайындауда және оны ашыққандарға бөліп беруде үлкен көмек көрсеткен. Әсіресе, патша әскерлері де сол таулардың бөктерінде әскери жаттығу жұмыстарын атқарып жүргендерге де тамақ пен қымыз-сусынды тегін беріп отырған. Халыққа үнемі болысып, жоғын жоқтап отырғандықтан ел-жұрт та оны қатты сыйлаған.

Медеу тарихына тереңірек бойлау үшін алдымен Жетісу өлкесінің сол ғасырдағы тыныс-тіршілігінен бастау керек. Өйткені, сол уақытта Верный бекінісінің салына бастауы, соған сәйкес осы төңіректегі әлеуметтік өзгерістер, жергілікті халықтар мен орыс халқы арасындағы қарым — қатынастардың нығая түсуі, тағы басқа тарихи жағдайлардың Медеу есіміне де қатысы бар.

Жалпы Медеу жайлы айтқанда Алматы қаласының арғы-бергі тарихына көз жүгіртпесе болмайды. Алматы мен Медеу тығыз байланысты. Қала атауының пайда болуы кездейсоқ жағдай емес. Ежелгі заманнан Жібек жолымен жүріп өтетін керуендерді Іле Алатауының баурайында гүлдеген кезінде өңірді түрлендіріп жіберетін жабайы алма ағашы тоғайы қызықтыратын. Бұлар негізінен алма ағашының алты мыңнан астам сортының арғы тегі болып саналатын жабайы алма ағаштарынан тұрады. Оның генотипі ең ежелгі генотип болып есептеледі және биологтардың пайымдауынша, оның биологиялық өрісі өте күшті болып келеді. Біздегі жабайы алма ағашының генетикалық ресурсы селекция үшін төзімділік генінің көздері бола алады. Алайда, XX ғасырдың екінші жартысы мен XXI ғасыр оған айтарлықтай нұқсан келтірді: тау бөктерлеріндегі алма ағашты тоғайын аяусыз кесу бірте-бірте алма ағашының арғы тегінің жойылып кетуіне әкеп соқтыруда.

1867 жылдың 11 сәуірінде Верный бекінісіне қала мәртебесін беру туралы шешім қабылданды. Үйлер, негізінен алғанда тастан салынды, соған қарамастан, қала төңірегіндегі ормандарды кесудің кең құлаш жайғаны соншама, Жетісу облысының алғашқы губернаторы әрі казак әскерлерінің алғашқы тағайындалған атаманы генерал Герасим Алексеевич Колпаковский орманды бұдан әрі бақылаусыз кесуге, одан соң ағаштан үйлер тұрғызуға қатаң



тыйым салуға мәжбүр болған. Ормандарды кесуден сақтау мақсатында Верный қаласының төңірегіндегі шатқалдарға қарауыл қойылды. Көптеген шатқалдар қарауыл сарбаздардың есімімен – Бутаковское, Каменское, Ремизовское ... шатқалы деп аталды.

Қалада Медеу бастаған дәулеттілердің қолдауымен салынған бірнеше мешіттің жанынан мұсылман мектептері ашылды. Медеу генерал-губернаторға қалада және оның төңірегінде орман-тоғай, бақтарды отап жатқандығы туралы бірнеше рет арнайы ашына айтады. Осыны ескерген губернатор Г.А.Колпаковский 1874 жылы Верныйдың бүкіл үй иелеріне өз үйлерінің көше жағына екі қатар етіп ағаш отырғызуды ұсынған. Ал 1878 жылы Верныйға келген белгілі ботаник А.Э. Регель жасыл желектердің молдығына назар аударып, бағбан-ғалымдар – Фетисов пен Э.О.Баумның және Медеудің осынау игілікті іске қосқан үлестерін атап көрсетеді.

1887 жылы өте күшті апат – естен кетпес жер сілкінуі болған. 28 мамырда таңғы 4 сағат 35 минутта жер астынан гуіл естіліп, ізінше жерасты дүмпуі сезілді. Бірнеше минут өткен соң бұдан да күшті дүмпу болып, жердің кенет теңселуі екі минутқа дейін созылды. Қаланың ұйқы құшағында жатқан тұрғындары оянбаған күйінде опат болды. Қала толығымен дерлік қирады. 1889 жылы тағы да жер сілкініп, ол 30 маусымнан 3 шілдеге дейін – төрт күнге созылады. Бірақ құрылыстар аз болып, мұның үстіне жаппай дерлік ағаштан тұрғызылғандықтан, қала айтарлықтай қираған жоқ. Осы екі зілзала кезінде Медеу қайғыға ұшырағандарға ел-жұртын жинап ерекше көп көмек көрсеткен.

Ресейдің оңтүстігінде көзге түспейтін алма сорты Верный қаласында зор биологиялық “дүмпу” жасады. Ал, осы іске Медеу Пұсырманұлы тікелей араласып, орыс биологтармен бірігіп керемет апорт сортын өсірді.

Нағашыбек ҚАПАЛБЕКҰЛЫ,
жазушы, Алматы облысының
Құрметті азаматы
(Жалғасы бар)



«Біздің батырлар – өзінің махаббаты мен күш-қуатын, тәжірибесі мен білімін, мүлкі мен қаражатын қоғамға риясыз ұсынатын еріктілер мен игі іс жасайтындар. Олардың барлығы – халықтың мақтанышы әрі үміті. Міне, осындай еңбек адамдары – еліміз бен мемлекетіміздің тірегі».

**Мемлекет басшысы
Қасым-Жомарт Тоқаевтың
ұлықтау рәсімінде
сөйлеген сөзінен.**

«Еп ауырын ер көтереді»

«Жолан» атындағы мемлекеттік қызметшілер күніне арналған байқау. «Жолан жұлдызы» атты кітап. «Жолан жүйрігі» - Республикалық ат бәйгесі. «Халқымның бағы – менің бағым» муралы. «Жолан Омаров» атындағы көше. Аз ғана уақытын Талғар ауданының әкімі болып, артына өлмейтұғын іс, өшпейтұғын өнеге қалдырған Омаров Жолан Ыбырайақынұлының (07.07.1979-27.07.2020 жж.) құрметіне арналған шаралар.

Елімізде балалар мен жасөспірімдер және жастардың үлгі етіп, өнеге тұтар тұлғалар туралы көп айтудамыз. Отансүйгіштік қасиетін жандүниесімен дәлелдеп, қысқа ғұмырын елі мен халқына арнаған жандардың есімі ешқашан ұмытылмақ емес. Есімі ел есінде қалатын тұлғалардың бірі - Алматы облысы, Талғар ауданының әкімі болған Омаров Жолан Ыбырайақынұлы.

Халыққа соншалықты қалай жақын болған деген сұрақтарға жауап іздеп, Ж.Ы.Омаров туралы естеліктерімен бөлісу үшін Ахмет Әшімаханұлымен әңгімелескен едік.

А.Әшімаханұлы – Алматы облысы әкімінің бас инспекторы, Талғар ауданы әкімі аппаратының басшысы, Талғар ауданы әкімінің орынбасары қызметтерін атқарды. Жолан Ыбырайақынұлымен бұрынғы Алматы облысы әкімшілігінен бастап бір сапта қызмет еткен.

ЖАСТАРЫМЫЗДЫҢ ӨНЕГЕ ТҰТАР ТҰЛҒАСЫ ЖОЛАНДАЙ БОЛСА

Ахмет ӘШІМАХАНҰЛЫ, кәсіпкер: – Ғасырлар бойы «Тәуелсіздік» орнатамыз деп найзаның ұшы, білектің күшімен талай жауды жеңіп, қаншама кедергілерден жаңылыспай өтіп, бүгінгі күнге жеткізген батыр, ержүрек, Отан үшін жан аямаған қаһарман бабаларымыздың жалғасы деп кімдерді атаймыз дегенімізде, бүгінде олардың қатарында Ж.Омаровтың есімін атаймыз.

Халықымыз «Таудан арқасы бардың, тастан жүрегі бар» - дейді. Жоланды нағыз осындай жастығына қарамастан

шыңдалған азамат.

Біліміне сай тәжірибесін, біліктілігін жас маман кезінде дәлелдей білді. Мен Алматы облысы әкімінің бас инспекторы, Жолан Алматы облысы әкімдігінің жер қатынастары басқармасының басшысы (08.2014 - 12.2017 жж.) қызметтерін қатар атқардық. Облыстың экс-әкімі Баталов Амандық Ғаббасұлы Жоланға облыстың жер-кадастрлық картасын жасауды тапсырды. Бұл айтарлықтай оңай шаруа емес. Күн-түн демей, тапсырманы қысқа мерзімде Заңға сәйкес орындап, басқарма басшысы ретінде облыстың жер-кадастрлық картасын жасап шықты. Тапсырманы дер кезінде орындап шыққаны туралы Президентке есеп берді. Республика облыстарының ішінде алғашқылардың бірі болып, тапсырманы орындап, суырылып алға шыққан жас басшыға сүйсінгендер аз болмады.

2016 жылы мені Талғар ауданы әкімінің аппарат басшылығына тағайындады. Жолан Ыбырайақынұлы 2017 жылы Кеген, Мемлекет басшысының жарлығына сәйкес аудан бөлінгенде Райымбек ауданының әкімі болып, шекаралық аймақтағы ауданды қайта түлетуге кірісіп кетті.

«ХАЛЫҚПЕН ЖҰМЫС БІР СӘТКЕ ТОҚТАМАСЫН»

Бұл – Жоланның аудан басқарудағы негізгі қағидасы. Талғар ауданына 2019 жылдың қыркүйек айында әкім болып тағайындалды. Аудан орталығы түгілі, ауылдарды аралап, тұрғындармен сөйлесіп, әр мәселені тыңдады. Орындалмай жатқан мәселелерге жауапкершілікпен қарамай отырған жауапты басшыларды аяғынан тік тұрғызды. Аппарат басшысы ретінде маған түн болсын, таңсәрі болсын хабарласып, кешегі істің дереу орындалуын қадағалауымды тапсыратын. Кейіннен өзімен бірге жүретінмін. Кейде «Ұйықтамайтын адам ба?» - дейтінбіз. Өз ісінің нағыз шебері. Оған аудан аманат етіп тапсырылды. Аманатқа қиянат жасамай, халықтың жанайқайына қатты көңіл бөлді. Алдағы 5-10 жылға жоспар құрып, соның алғашқы баспалдақтарын ретке келтіре бастаған еді...



«ТЕЗ ҚАЙТАРҒАННАН НЕ ПАЙДА?»

– Келесі қабылдауға бәрібір келеді. Одан да кеш болса да бүгін мәселесін тыңдаймыз, – дейтін. Бір күндік әкім қабылдауына 50 адам жазылса, соның бірін қайтармай, қабылдайтын.

Бірде арбадағы мүгедек адам есікті ашты. Соны көрген Жолан өзі барып, кабинетіне кіргізген соң қасына келіп отырып, арызын тыңдады. Айнала аудан әкімдігінің қызметкерлері отырмыз. Біреуіне «кіргіз» десе болады. Олай істемеді. Әкімнің қарапайымдылығы мен адамды алаламайтын қасиетін көрсетті. Мүгедектігі бар адам бірнеше жыл үй кезегінде тұрған. Алайда, аудан әкімшілігі тізіміндегі кезегі мүлде жоғалып кеткен.

– Үй кезегінде тұрғаныңызды дәлелдейтін қандай да бір құжатыңыз бар ма? – деп сұрады. Анықтамасы бар екен, соны көрсетіп еді. Дереву сотқа шағымдануын сұрады. Соттың шешімі негізінде жеке қадағалауымен үй кезегіне тұрғызды. Сол кезде жаңа ықшамауданда 5 қабатты 6 көп пәтерлі үй пайдалануға дайын болған. Оның 3-і әлеуметтік нашар топтағы адамдарға бөлінді. Сол үйден пәтердің кілті әлгі адамға да тапсырылды.

– Өмірімде адам екенімді сезініп, әділдіктің барына сендім. Үйді мұншалықты тез аламын деп еш ойламадым, – деген азаматтың риза болғаны соншалық, қайта-қайта батасын берді.

«ҰЛТ БРЕНДІ – ҰЛТТЫҚ НАҚЫШ»

Жолан Ыбырайқынулы барлық істе ұлттық құндылықтарға баса назар аударды. Ана тілінде іс қағаздарын жазу, ана тілімізде сөйлеу мәселесін қатты қадағалады. Ұлттық құндылықтарымыздың сақталуына айрықша мән берді. Жаңа технологиялар жетістігімен халықты жақындастыру мақсатында облыс бойынша алғашқылардың бірі болып бірқатар ауданда жоқ «LED» экран орналастырды. Аудан орталығында, Тұздыбастау және Бесағаш ауылдарының мәдениет үйлерінде «LED» экран жұмыс істеп тұр. Мердігерлер деген бақылауды өте қажет ететін мекеме. Жол, су, жарық түсіру, ескірген дүниелерді жаңартуға байланысты конкурсқа қатысып, қаражат ұтып алған соң жұмысын бастауды қиындатып жібереді. Барлығы жауапсыз деп айта алмаймын. Негізінен сондай.

Инфрақұрылым саласы бойынша атқаратын шаруасына қажетті техникасы болмайды, жетіспейді. Оны басқа мекемеден жалға аламын дегенше уақыт зымырап өтіп

кетеді. Халықтың талабындағы шаруалар дер кезінде орындалмағандықтан, тұрғындардың ашу-ызасы көбейеді. Мәселенің шешілмегенін айтып, Ақпарат құралдарына жүгінеді. Ауданда сондай жұмысына сылбырлық танытқан мердігерлермен сөйлесіп, айлап тұрған жұмысын тез арада бастатып жібергенін көргенде, «Бұл өзі қандай азамат! Жүрегі аттың басындай екен», – деп таң қала біз де міндетімізді ширата түсетінбіз.

– Ел басына қиындық туған шақта, оларды қамықтыра алмаймыз, – деп бізге де талапты бұрынғыдан екі есе күшейтті. Түн ортасына дейін жұмыс естіп, таңғы 5-тер шамасында маған хабарласып, менің құзіретімдегі мекеме басшыларына тапсырма беруімді айтатын.

– Халық үшін жұмыс істеймін, кетсем артымнан сөз ермесін, – дейтін. Ауданаралық коммуникациялар құрылысы, су құбырлары, оқушы санының көбеюіне байланысты үш ауысымды мектептер санын азайту, күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуді кезең-кезеңмен жоспарлап, атқарып келе жатқанда дәм-тұзы таусылды ма, кенеттен бақилық болды.

Абай Құнанбаевтың «Сүйер ұлын болса сүй, сүйінерге жарар ол» деген даналық сөзі Жолан Ыбырайқынулындай біртуар азаматтарға арналған. Екі ауданда аудан басқарып, тұрғындар үшін мүмкіндігінше әлеуметтік мәселелерін реттей бастады. Халқы сүйінді. Соның дәлелі де бар. Арамыздан кетсе де, оның ісі өлмейтінін Ж. Омаровқа арналған игілікті істерден көреміз.

Биыл екінші рет «Халқымның бағы – өз бағым» атты Ж.Омаров атындағы мемлекеттік қызметшілер арасында байқау өткізілді. Алғашқысы – ауданда өтсе, биыл Алматы облысы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің ұйымдастыруымен облыстық деңгейде ұйымдастырылды.

Бүгінде Талғардағы «Жаңа» аудан көшесіне Ж.Омаровтың есімі берілді. Жаңа үйлердің бірінің қабырғасына Жолан Омаровқа арналған «Халқымның бағы – өз бағым!» атты мурал салынды.

Жолан айтқандай, Кеген, Райымбек, Талғар ауданы ғана емес, облыс халқы оның есімін құрметпен атап, атқарған істерін ескерусіз қалдырмай келеді. 2018 жылы Жолан Омаров Райымбек ауданының Шалкөде жайлауында ат спортын дамыту мақсатында «Жетісу жүйрігі» бәйгесін өткізді. Сол бәйге «Жоланның жүйрігі» деп аталып, биыл шілде айында Шалкөдеде Республикалық аламан бәйге өтті. «Жолан жұлдызы» деген атпен кітап басылып, шықты.

Естеліктерді жазып алған: Ж.Кучукова,
Республикалық Бас редакторлар клубының мүшесі
Дереккөзі: Akorda.kz, «Ана тілі» газеті.
Суреттер А.Әшімаханұлының жеке архивінен алынды.



4. Төмендегі фигуралар орнына белгілі бір амалдар қолданылса, онда сұрақ белгісінің орнына сәйкес санды табыңыз.

$$5 \square 6 \rightarrow 30$$

$$5 \Delta 4 \rightarrow 9$$

$$4 \bigcirc 2 \rightarrow 2$$


$$(7 \bigcirc 5) \square (3 \Delta 1) \rightarrow ?$$

- A) 12
- B) 10
- C) 8
- D) 6
- E) 4



5.



Жоғарыдағы үлгілердің алғашқы үш адымы берілген. Төртінші адымы жауаптардың қайсысына сәйкес келеді?



6. Ашылған кубты жинасақ төмендегілердің қайсысы болады?





1.




Математика орталығына «Ең үздік сұрақ» сайысына қаладағы мектептердің оқушылары сұрақ жазып жіберді. Арлан сұрақ жазғандардың тізімінің басынан санағанда 99-ші. Арнұр болса тізімнің соңынан санағанда 200-ші. Арлан Арнұрдан бұрын тұр және олардың арасында 5 оқушы бар. Олай болса сайысқа қатысқан оқушылардың санын табыңыз.

- A) 295
- B) 300
- C) 304
- D) 305
- E) 310


2. Сұрақ белгісінің орнына сәйкес келетін фигураны қойыңыз.



3.



Жоғарыдағы фигураны көрсетілген бағытта 90°-қа бұрсақ, төмендегілердің қайсы бірі шығатынын табыңыз.




7.



Жоғарыда бір автокөліктің километражы берілген. 1-санақта 0,1,2,3,4,5 цифрлары, 2-санақта 0,1,2,3,4 цифрлары бар. 1-санақта 5 цифрынан кейін қайтадан 0 цифры жалғасса, 2-санақ болса 1 болады. 2-санақта 4 цифрынан кейін қайтадан 0 цифры жалғасады, 3-санақ болса 1 болады. Олай болса километраж 100 көрсетіп тұрған болса, **1-санақ неше рет айналғанын табыңыз.**

- A) 30
- B) 32
- C) 34
- D) 36
- E) 38

8. Төменде берілген суретте неше шеңбер бар екенін табыңыз.



- A) 10
- B) 11
- C) 12
- D) 13
- E) 14

9. Сұрақ белгісінің орнына қандай сан сәйкес келетінін табыңыз.


$$\begin{array}{r} \text{KLM} \\ + 432 \\ \hline 621 \end{array} \quad \begin{array}{r} 895 \\ - \text{RNT} \\ \hline 547 \end{array} \Rightarrow K+N=?$$

- A) 1
- B) 2
- C) 3
- D) 4
- E) 5

10. Жіпке 1 жасыл, 2 қоңыр, 3 көк, 4 қызыл шарлар, дәл осы заңдылықпен ілініп отырса, онда **1881-ші ілінетін шардың түсін табыңыз?**

- A) Қоңыр
- B) Қызыл
- C) Жасыл
- D) Көк
- E) Еш бірі дұрыс емес

11. Қиылып алынған бөлікті табыңыз.



- A)
- B)
- C)
- D)
- E)

12. Төмендегі сандардың қайсысы басқаларынан ерекше екенін табыңыз?

- A) 5445
- B) 2002
- C) 1010
- D) 6556
- E) 9339

Дайындаған: АБУТАЛИЕВ Диас

*Қайталау. Алғашқы нұсқасы №8-2022 жылы жарияланған.

33 Логика сұрақтар дұрыс жауаптары келесі нөмірде жарияланады.



Ұлкі қазақ әндеріндегі географиялық жер-су атаулары


Бұл әр әннің мазмұнына герменевтикалық әрі текстологиялық талдау жасайтын ғылыми мақала емес. Бар мақсатымыз байырғы халық әуендерінде кездесетін жер-су атаулары жайындағы деректерді түрлі интернет көздерінен пайдалана отырып, оқырман қауыммен бөліссек дедік.

Ең әуелгі сөзімізді елдің әнұранындай болған, әйгілі қалмақ-қазақ қасіретінен туған 1723-1725 жылдар аралығындағы «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламасы» кезеңіне тиесілі «Елім-ай» әнінен бастасақ деймін.

Қаратаудың басынан көш келеді,
Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді.
Ел жұртынан айырылған қиын екен,
Қара көзге мөлтілдеп жас келеді.

Осы жердегі аты аталған Қаратау қазіргі Жамбыл облысының территориясына қарасты. Таудың солтүстік-батыс бөлігі бүгінде Түркістан аумағына да тиесілі. Тау оңтүстік-шығысқа қарай 420 шақырымға дейін созылып жатыр. Бұл жердегі бір шумақ өлеңге дерегі мен дәйегі кірмесе де «Алқакөл» жайында да аз ғана сөз шығындай кеткеніміз орынды секілді. Исі қазақ халқын зар еңіретіп, «Елім-ай» деп жоқтау айтқызған әйгілі «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» атауындағы «Алқакөл» көлі қазіргі Түркістан облысы, Келес ауданының аумағына тиесілі. Ең өкініштісі, ертеде Шардара су электр станциясының құрылысы басталғанда осы көлдің суы барынша түгесіліп, соның кесірінен табаны толықтай кеуіп қалған екен.

Сурет:
видеодан
алынды.
Zakon.kz.



Жоңғар шапқыншылығынан туындаған
Түркістан облысы, қарт Қаратаудың баурайына
«Елім-ай» дастанына қойылған ескерткіш.

Сонымен «Алқакөл» көлі көзімізден біржола бұлбұл ұшты десек те болады. Тарихи зердесі мол, әлдеқайда мәдениетті ел болғанымызда, әрине, бұлай болмас еді.

Ендігі сөз Алтай қазақтары арқылы тараған «Ақжайқын көл» әніне қатысты.

Дәйім менің мінгенім шұбалаң кер
Қос білезік қолымда бұрама зер.

Ауылың алыс кеткенде қимас қалқа,
Көзге күйік болды ғой ойнаған жер...

Қайырмасы:

Ей, Ақжайқын көл
Жайлайды біздің ел...

Ел жадысынан ептеп ұмытыла бастаған осы бір тамаша әнді қайыра тірілтіп, халықпен қауыштырған – Шығыс Түркістан (қытай) қазақтары. Әсіресе үш ішекті домбыра табиғатында бұл ән ерекше сипат алып түрленіп кетеді. Ақжайқын көлі қазір де бар. Ол Оңтүстік Қазақстан облысы, оның ішінде Созақ ауданы Созақ ауылынан 100 шақырым жерде орналасқан. Жағасы тегіс, суы ащы, аумағы шағын ғана көл.



Маралды көлі

Ендігі сөзді Естайдың әйгілі «Қорлан» ән мәтінінде ұшырасатын жер-су атауларына қарай бағыттасақ. Әнді «Қорлан» деген атпен ел ішіндегі ең көп тараған алты нұсқасын да жазып алып, алғаш нотаға түсірген – музыкатанушы әрі этнограф ғалым Александр Затаевич. Қорлан дегеннен шығады ғой, тағы бір ғажайып өнертанушы Борис Ерзакович 1938 жылы осы «Қорлан» әнімен қоса Естайдың аузынан онға жуық өз шығармасын жазып алды деген де деректер бар. Әрине, «Қорланды» жеріне жеткізе шырқап, алғаш орындаған айтулы әншінің бірі Манарбек Ержанов.

Бір қыз бар Маралдыда Қорлығайын,
Табиғат берген екен күн мен айын.
Мұратқа іздеген жан бәрі жеткен,
Дариға, арманым көп, не қылайын.

Ахау, арман

Құсни, Қорлан!

Екі-ай бағлан

Екеуі туған екен бір анадан.

Әндегі сөз болып отырған Маралды атауы – бүгінде Павлодар облысына тиесілі аумақ. Маралды деген жер атауымен қоса

жекелей көл аты да бар көрінеді. Маралдыға қатысты ел ішінде ән мен аңыз көп. Соның исі қазаққа мәлім ең шоқтығы биігі төмендегі ән.

Қыз Қорлан қор қызындай тамсандырған,
Естайға әлемде жоқ ән салдырған.
Маралды, Маралды – төр, Маралды – көл
Самалдай ән еседі қарсы алдыңнан.

О, Маралдым, Маралдым!

Сенің үшін жаралдым.

Топырағыңнан нәр алдым

Көзіндейсің сен маған,

Атам менен анамның...

Қазақтың көрінекті ақыны Мұзафар Әлімбаевтың сөзіне жазылған композитор Әсет Бейсеуовтың осы бір ғажайып туындысы әйгілі Маралды өңіріне қойылған мәңгілік ескерткіш сынды. Енді «Қорлан» әнінің екінші шумағынан кейін қайырма есебінде айтылатын мына бір шумақтардағы жер атауларына қайыра оралайық.

...Өзіндей боп жан тумас,

Туса туар артылмас.

Бар ғаламды шарықтап

– Уа, дариға, ләулік тас.

Бағдад, Мысыр, Шың, Машын,

Іздесем Қорлан табылмас...

Бұл жердегі Бағдат, (Ирак елі болса), Мысыр (Египет), Шын (Қытай елі болса), Машын (Үндістан мемлекеті). Қорландай жан осы аталған елдердің ешбірінде жоқ деп зарлайды қайран Естай.

Қазақ әндерінің ішінде ана-мына әншіні жалынан сипатпас күрделі әндердің бірі – әйгілі Аққұм әні.

Аққұмның бір қызы бар Іңкәр атты

Сөзі бар алуа, шекер, балдан тәтті.

Адамның өзім көрген абзалы екен,

Айтайын өлең қылып перизатты...

Ең қызығы, бұл жердегі Аққұм атауы Қазақстанның сегіз облысынан кездеседі екен. Мәселенің бәрі жоғарыдағы бір шумақ «Аққұм» әнінің сөзіне қатысты болып отыр ғой. Әнді алғаш нотаға түсірген Александр Затаевич өзінің «Қазақтың 1000 әні» жинағындағы аталған әндерді «Адаевский уезд, Акмолинская губерния, Актюбинская губерния, Букеевская губерния, Кустанайская губерния, Оренбургская губерния, Семипалатинская губерния, Тургайский уезд, Туркестан, Уральская губерния» деп қазақтың он өңірінен ән жазып алғанын айтады.

(Жалғасы бар)

Автор: Ықылас Ожайұлы,
e-history.kz

20 шілде, 2023 жыл

ОБСЕРВАТОРИЯ

(лат. observatio – бақылаушы). Астрономиялық, физикалық, метеорологиялық, зерттеу жұмыстарын жүргізетін ғылыми мекеме. Обсерватория астрономиялық бақылау жүргізуге және оның нәтижесінде алынған мәліметтерді өңдеуге арналған аспаптармен, арнаулы лабораториялық құралдармен жабдықталады; мұнаралар мен павильондардан тұрады.



Әлемдегі ең ежелгі обсерватория - Караундж, шамамен 7,5 мың жыл бұрын салынған.

Мұнара үстінде цилиндр немесе көпбұрыш пішіндес күмбез, павильонда астрономиялық аспаптарға арналған ысырылмалы қақпақ болады. Оптикалық астрономия аспаптардан үлкен радиотелескоптар ашық далада, ал бақылау аспаптары көбінесе қаладан тыс, теңіз деңгейінен едәуір биік тауларда орнатылады. Обсерваториялар адам баласының уақытты есептеу, құрлық пен теңізде жол табу қажеттілігіне байланысты ежелгі заманда пайда болған.

Ежелгі обсерваториялар құрылыстарының қалдықтары Армения мен Өзбекстанда (Ұлықбек обсерваториясы), Вавилонда, Мексикада, Перуде, Англияда, тағы басқа жерлерде сақталған. Қазіргі заманғы обсерваториялардағы көру түтігі (Г.Галилей жасаған телескоптан кейін) ХҮІІ - ғасырдың басында Еуропада жасала бастады. Астрономдар Т.Браге, В.Гевелиж, В.Гершель ашқан. Олардан кейін Еуропада Париж (1667), Гринвич жаңа обсерваториялар ұйымдастырылды. ХХ - ғасырдың ортасында дүние жүзінде обсерваториялардың саны 500-ге жетті, олардың 90%-ы Жердің Солтүстік жарты шарында орналасқан.

Елімізде Қазақстан ҒА Астрофизика институтына қарасты Каменское үстірті, Ассы-Түрген және Тянь-Шань обсерваториясы бар. Үшеуі де Алматыдағы Василий Фесенков атындағы астрофизикалық институтқа қарайды.

Күн обсерваториясы Іле Алатауындағы Үлкен Алматы көлі маңында, теңіз деңгейінен шамамен 3000 м биіктікте, Алматы қаласынан 30 км жерде

орналасқан. Обсерватория әр түрлі типтегі күн телескоптарымен, лабораториялық жабдықтармен, бақылған материалдарды өлшейтін және өңдейтін есептеу техникасымен жабдықталған. Негізгі аспаптары: айнасының диаметрі 50 см-лік көлденең күн телескопы және ажыратқыштық күші жоғары спектрограф, Б.Ллио жүйесіндегі 53 см-лік және 20 см-лік коронографтар; объективінің диаметрі 20 см-лік фотогелиограф. Бұл обсерваторияда Күн дақтарының физикасы, Күн оталысы мен Күн тәжінің физикалық құрылымы жөніндегі жұмыстар орындалды.

АССЫ-ТҮРГЕН ОБСЕРВАТОРИЯСЫ

Алматыдан күн шығысқа қарай 75 км қашықтықта, теңіз деңгейінен 2750 м биіктікте биік таулы Ассы-Түрген жотасында орналасқан астрономиялық обсерватория. Қазақ ССР ҒА-ның Астрофизика институты тұрғызған. 1 метрлік «Цейсте» тұрақты бақылаулар 1981 жылдан бастап жүргізіле бастады. 1991 жылы телескоптардың екі мұнарасы және мейманханалық блогы салынды, сонымен қатар 1 метрлік телескоп іске қосылды. Ассы-Түрген – Қазақстанда тамаша астроклиматы бар жалғыз обсерватория.

Мұнара-күмбегі Германияда жасалған, айнасының



диаметрі 1 м рефлектор орнатылған. Ол арқылы Күн мен Ай, Күн жүйесіндегі кіші планеталар мен метеорлық заттар, жасанды аспан денелері, галактикалардың құрылымдары мен динамикасы, жұлдызаралық орта, жарық және көмескі диффузиялық тұмандықтар мен оларға қатысты жұлдыздар т.б. зерттеледі. Обсерваторияда онға жуық ғылым докторлары, отыздан аса ғылым кандидаттары ғылым-зерттеу жұмыстарын жүргізеді.

КАМЕНСКОЕ ҮСТІРТІ ОБСЕРВАТОРИЯСЫ

Астрофизикалық институттың Каменское үстіртіндегі обсерваториясы теңіз деңгейінен 1450 метр биікте орналасқан. Обсерваторияның құрылуына 1941 жылғы 21 қыркүйектегі күннің тұтылуына қатысты жүргізілген бақылаулар негіз болған. Сол



жылы Мәскеу мен Ленинград ғалымдары Қазақстанға осы күннің толық тұтылуын зерттеу үшін келеді. КСРО-ның батысынан фашистер басып кіргендіктен, Алматыға эвакуацияланған ғалымдарға қосылып Қазақстанда қалу туралы шешім қабылданады. В.Г.Фесенков атындағы астрофизикалық институты осылай құрылған.

Күн тұтылған соң бірнеше күн өткеннен кейін, астроном, астрофизик, Қазақ КСР еңбегі сіңген ғылым қайраткері Василий Фесенков Қазақ КСР халық комиссарлар кеңесіне Алматыда Қазақстан астрономия, физика және геофизика ғылыми-зерттеу институтын салу қаншалық маңызды екені туралы жазба жібереді. Сөйтіп елімізде обсерваториялар кезек-кезек салына бастайды. Институт ғимаратын кеңес-жапон соғысынан кейін тұтқынға алынған жапон азаматтары салған.

Ал институт жанынан үлкен обсерватория тұрғызу үшін 1943 жылы астроклиматы жақсы алаң ізделе

бастайды. 1945 жылдың екінші жартысында Алматыдан 11 шақырым қашықтықта теңіз деңгейінен 1450 метр биікте обсерватория орны мен жобасы тандалды. 1946 жылғы наурыз айында обсерваторияның құрылысын бастау жөнінде үкімет қаулысы қабылданған. Ал құрылыстың өзі 1947 жылы басталды.

1950 жылға дейін обсерватория Таулы астрофизикалық обсерватория деп аталды. Ал одан кейін ресми атауы астрофизикалық институт болып өзгертіліп, мекемеге оның негізін қалаушы В.Г.Фесенковтың есімі берілді. 1962 жылдан бастап экспедиция тұрақты бақылау станциясына айналды.

ТЯНЬ-ШАНЬ АСТРОНОМИЯЛЫҚ ОБСЕРВАТОРИЯСЫ

ММУ ШМАИ жоғары биік таулы тұрақты экспедициясы (ММУ ШМАИ Тянь-Шань астрономиялық обсерваториясы) ретінде 1957 жылдың тамыз айында Халықаралық геофизика жылы бағдарламасы аясында құрылды. 1962 жылдан бастап экспедиция тұрақты бақылау станциясына айналды.

Обсерваторияда әр кезеңдерде Е.А.Макарова, А.М.Черепашук, А.В.Миронов және В.П.Горанский басшылық етті. 1985-1991 жылдар аралығында обсерваторияның құрылуына Х.Ф.Халиуллин көп күш жұмсады. 1994 жылы Обсерватория В.Г.Фесенков атындағы астрофизикалық институтының басқаруына өтті. 1994 жылдан бастап қазіргі таңға дейін обсерваторияда К. С. Куратов басшылық етеді.

2007 жылы Тянь-Шань обсерваториясында жөндеу жұмыстары жүргізілді, ал 2014 жылы телескоптардың жаңартылуы аяқталды.

**Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш
өнеркәсібі министрлігінің Аэроғарыш Комитеті
Министрдің блогы.
Fai.kz; massaget.kz;
«Уикипедия» ашық энциклопедиясы**



«Бұл — мемлекеттің ғана міндеті емес, бүкіл қоғамның парызы»



«Халқымыз небір зобалаңды көрсе де рухын аласартқан жоқ. Бірлігін бекемдеп, ынтымағын арттыра түсті.

Тәуелсіздік таңы атқаннан кейін біз арыстарымызды ақтауға кірістік. Кезінде жазықсыз жазаланған мыңдаған азаматтың есімін ел жадында жаңғырттық.

Төл шежіреміздегі қайғылы кезеңдерді ұлттық бірегейлігімізден бөле-жара қарау мүмкін емес. Сондықтан, біз саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарының рухына тағзым етіп, есімдерін мәңгі есте сақтаймыз.

Тарихтан тағзылым алып, мұндай тауқымет ешқашан қайталанбауы үшін бәрін жасайтын боламыз».

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне байланысты үндеуінен.

Тұңғыш геолог ғалым

Оразмағанбет Тұрмағамбетұлының туғанына -140 жыл

Еліміз бойынша саяси-қуғын сүргін құрбандарын еске алып, олардың есімдерін жаңғырту жалғасуда. Солардың бірі – қазақ халқынан шыққан алғашқы геолог, өз заманында Бомбей университетін тәмамдап, қала берді, Бұқара, Хиуа, Стамбул, Үргеніште білім алып, ислам негіздері мен қағидаларын жетік меңгерген дінтанушы, Алашорда партиясының белді мүшесі Оразмағанбет Тұрмағамбетұлы болатын.

Өз заманында жасындай жарқырап, халық-ағарту, ғылым саласында, қоғамдық-саяси өмірде жауапты қызметтерді атқарған Оразмағанбет 1882 жылы Қызылсу жерінде дүниеге келген. «Текіден текті туады, тектілік тұқым қуады» - дегендей, өз әкесі Тұрмағамбет хазірет те кезінде Орта Азияға белгілі діни қайраткер болған. Оразмағанбеттің де

әділеттен таймайтын табанды азамат болып қалыптасуына тағдырлы ғұмырының да, текті әулеттен тарағандығының да айтарлықтай ықпал еткені даусыз.

Яғни Бомбей университетінде инженер-геолог мамандығы бойынша білім алған Оразмағанбет Тұрмағамбетұлы 1903 жылдарға таяу туған жеріне табан тіреп, 1930 жылға дейін ағартушы-ахундық, геолог-ғалымдық, шипагерлік, халық дәрігерлігі, тағы басқа да саладағы қызметтерін абыроймен атқарды. Белгілі діни қайраткер ғалым-геолог ретінде де ғылыми ортаға ерте танылған ол кезінде Хиуа, Бұхара қалаларындағы оқу орындарын да үздік бітіріп, ағартушылықпен айналысып, мешіт салдырып, елді имандылыққа ұйытуға барын салады. Орыс, түрік, ағылшын, парсы, араб, үнді тілдерін жетік меңгерген ғалым

Кеңес өкіметінің назарынан тыс қалмай, көп өтпей-ақ Түркіменстанға жер аударылады. Одан Иранға ауады. Дегенмен НКВД бәрібір тыныш қоймай, Ираннан қайтарып, 1937 жылы 1 қыркүйекте Ашхабад абақтысына жабады да, 1939 жылы оны ату жазасына кесіледі. Міне, осы жолдардан-ақ оның тағдырдың теперішін аз көрмегенін байқауға болады.

Оразмағанбет Тұрмағамбетұлы КСРО Жоғары соты Әскери коллегиясының шешімімен 1963 жылы 27 қыркүйекте толық ақталғанымен, мұрағат құжаттарында оның сүйегі қайда жатқаны анық айтылмаған, фотосуреттері де сақталмапты. Дегенмен тәуелсіздік дәуірінде, тіпті одан алдын да ғалым мұрасына қызығып, оның ғибратты ғұмыры мен дінтанушылық қызметі жайында қалам тербегендер аз емес. Олардың қатарында Б.Дәулетұлы, Б.Халелов, Ө.Қалыбаев, Ө.Озғанбаев, С.Балқаев, Қ.Игібай, М.Жоржани, Б.Бегенішев т.б. атап көрсетуге болады. Дегенмен ғалымды көпке танытуда Б. Адамбаевтың еңбегі зор.

Сонымен қатар ғалым осы сирек кездесетін еңбектер арасынан Мұхамед Захидің «Араб әдебиеті мен тарихының теориясы», Жамалиддин Аспа-хамидің трактаттары, М.Жамидің жинағы тағы басқалармен бірге Оразмағанбет Тұрмағамбетұлының ғылыми-ахундық атағын куәландыратын дипломының да табылғанын айтады.

Темур АМАНҚҰЛ,

Дінтану ғылымдарының PhD докторы,

әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің оқытушысы.

«ТҮБЕКТЕН ТҮРЕН САЛҒАН ҒҰЛАМА»

Арамыздан кеткеніне сексен жылдай уақыт өтсе де Маңғыстау халқы оның атын әлі аялап айтумен келе жатыр. Ауыздан ауызға жеткен әңгімелер арқылы біреу оны кен іздеген кемеңгер десе, біреу ағартушы, үшіншілері басы ауырып, балтыры сыздағанға қол ұшын беретін емші, төртіншілері үлкен діни ғұлама есебінде біледі. Ең бастысы Оразмағанбет елінің тәуелсіздігі жолында аянбай күрескен қайраткер, Маңғыстау өлкесіндегі Алашорда ұйымының белсенді мүшесі болды. Атақты Қашаған Күржманұлы өзінің «Оразмағанбет ахунға» деген арнауында Оразмағанбеттің ұлы атасы Тоқмырзаның туған топырақтың тулақтай жерінің де жат қолында кетпеуі үшін арпалысып өтіп, соның жолында шәйіт кеткенін, оның баласы Сарыбектің қырық жасқа келгенде басына пайғамбардың тәжін орап дін үшін қызмет еткен, алдын болжай білетін көреген екендігін айтады.

Оразмағанбеттің үлкен білім иесі болғандығы оның өзінің Сахардың тауына жасырған кітаптарынан да белгілі. Кезінде ол кітаптардың сирек кездесетін өте құнды дүниелер екендігі «Үңгірден табылған кітаптар» деген атпен 1958 жылы (8.06) «Социалистік Қазақстан» газетінде, сондай-ақ ТАСС-тан арнайы хабар болып таратылды. Стамбулда, Бұқарада, Тегеранда, Египетте, Петербургта, Қазанда, Уфада, Дамаскіде ХҮІІІ-ХІХ ғасырларда басылып шыққан



Оразмағанбеттің аты-жөні жазылған мөрі.

ол кітаптардың ішінде не жоқ дейсіз. Парсы әдебиетінің классигі Жәмидің толық жинағы, Аспахамидің төрт томдық философиялық трактаты, араб әдебиеті мен тарихының теориясы, парсының энциклопедиялық сөздігі, араб тілінің грамматикасы, терминдік қосалқы сөздер түсінігі, өлең өлшемдері, логика, психология, астрономия, алгебра, 9 геология болып жалғасып кете барады.

Жаламен 1938 жылдың 29 қазанында ең ауыр жаза-ату жазасына кесіледі. Үкім 30 қазанда орындалған. Қазақтың белгілі ақыны Сабыр Адай Оразмағанбетке арнаған «Түбектен түрен салған ғұлама» атты толғау арнаған.

Ғұлама жазушы Әбіш ағамыздың кейінгі ұрпаққа: «Жарық дүниеде өзінді өгей сезінгің келмесе білім мұхитына сапарыңды әуелі анаң айтқан тақпақтан баста, жалпақ адамзат ортасында бұралқы көрінгің келмесе шартарапқа сапарыңды әуелі атаң көрсеткен соқпақтан баста» - дегені бүгінгі біздің ұрпақтарымыздың жадында сақтайтын қағидаларының бірі.

Бүгінде Оразмағанбет Тұрмағамбетұлының ұрпақтары Иранда тұрады.

Оразмағанбет Тұрмағамбетұлының 140 жылдық мерейтойы құрметіне Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінде атаулы оқу аудиториясы ашылып, халықаралық ғылыми-практикалық конференция ұйымдастырылды. Жақында оның қолданған дүрбісі табылып, Актаудағы тарихи-өлкетану музейіне тапсырылды. Құнды жәдігер 19-ғасырда Парижде жасалған деген болжам бар. Бір топ ғалымдарға «Оразмағанбет Тұрмағанбетұлы – 140 жыл» атты мерейтойлық медалмен марапатталды.

**Дереккөзі: Ш.Есенов Университетінің
«Оразмағанбет Тұрмағамбетұлы –
кемеңгер-ғалым теолог,
ағартушы және қоғам қайраткері»
жинағынан алынды.**

**Сурет: VK «Ұлы адай ұрпақтары»,
Көрпе Нұржігіт Нұрболатұлының парақшасынан.**

Қолданыстағы жаңа сөздер



Харассмент – адамдарға еркінен тыс физикалық түрде қысым, зорлық-зомбылық көрсету, жағымсыз сөздермен, хабарламалармен бопсалау, жыныстық тұрғыда құқығын таптау, жеке шекарасын бұзу. Харассменттің 6 түрі бар. Олар: жәбірленушіге рұқсатсыз жанасу, қол тигізу; ізіне түсу; вербалды харассмент; кибер харассмент; эксгибиционизм және жыныстық қысым көрсету. Қазір харассменттің құрбаны болған әйелдер мен қыздардың саны өте көп. Алайда қоғамда жиі кездесетін оқиға жайлы факті кездессе де, статистика нақты емес.

Бұған харассментке ұшырағандардың «ұят болады» қорқып, үнсіз қалатындары да әсер етіп отыр. Психологтердің айтуынша, қылмыстық істер соңына дейін зерттелмейді, айыпталушылар жауапқа тартылмайды.

Коллаборация – Ынтымақтастық. Шетелдік «ынтымақтасу» ұғымы латынның «collaborare» - ынтымақтастық, біреумен жұмыс істеу деген сөзінен шыққан. Өлі тілден ол жанды және талғампаз француз тіліне көшті: бұл жерде «collaborateur» - қызметкер, бірлескен автор, әріптес, одақтас.

Ынтымақтастық – ортақ мақсаттарға жету үшін кез келген саладағы екі немесе одан да көп тараптардың (адамдардың да, ұйымдардың да) бірлескен іс-әрекетінің процесі. Ғылым, музыка және YouTube саласындағы ынтымақтастық. Сән әлеміндегі ынтымақтастық. Басқару жүйесі ретіндегі ынтымақтастық. Педагогикалық білім берудегі коллаборация. Басқару жүйесі ретіндегі ынтымақтастық

Ынтымақтастық сән үрдісіне айналды: барлығының барлығымен ынтымақтастығы қарқын алуда. Бірлескен қызмет қызықты, жиі болжауға болмайтын нәтижелер береді.

Дайвинг (ағыл. diving ағыл. to dive – жүзу) – арнайы құрал-жабдықтары бар су астындағы жүзу болып табылады. Ағылшын тілінде «diving» сөзі жай «жүзу» және құрылғымен су астындағы жүзуді (ағыл. scuba diving) сипаттау үшін және құрылғысыз жүзуді (ағыл. free diving), судағы істі және жай суға секіруді білдіреді. Су астында бірнеше минуттан 12 минутқа дейін немесе одан да көп сағаттар бойы, тереңдігіне байланысты ауа жұту аппаратын пайдалануына байланысты болып табылады.

Ең алғашқы халықаралық жарыстар 24 мамыр күні Хургада өтті. Жарыстар бағдарламасы өзіне 300 м. қашықтыққа жүзуді қарастырды.



Геймер – ағылшын тілінің «game – ойын» сөзінен шыққан, ал «геймер» – «виртуалды ойыншы», яғни компьютерлік ойындарға тәуелді жандар. Геймер – хобби да, мамандық та, құрметті атақ та емес, керісінше психикалық патология. Олар күнін монитор алдында өткізеді. Бұл оның көңіл-күйі мен психикасына қатты әсер етеді. Күн сайын миллиардтаған адам ұйқысынан оянып, тамақтанып, ойын ойнауға кіріседі, бұл олардың күнделікті өмірінің бір бөлігіне айналған.

Дереккөзі: «Уикипедия», «Aikyn.kz», «El.kz»





Farabi shákirti

www.farabishakirti.kz

[f @farabishakirti.kz](#)

[i @farabishakirti.kz](#)

ЗЕРЕК ЖАСӨСПІМДЕРГЕ АРНАЛҒАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ

*6 июля 2023 года столице
Астана исполнилось 25 лет*

Праздник установлен законом Казахстана «О внесении дополнения в Закон Республики Казахстан «О праздниках в Республике Казахстан» от 25 июня 2008 года.

Ему присвоен статус государственного праздника, то есть имеющего общественно-политическое значение для граждан страны.

В соответствии с законом, дни государственных праздников нерабочие, поэтому День столицы отмечают не только в Астане, но и по всей стране.

Почему День столицы – 6 июля

В этот день был принят первый документ, касающийся статуса города. Именно 6 июля 1994 года Верховный Совет РК принял постановление «О переносе столицы в город Акмолу».

Окончательное решение о переносе столицы из Алма-Аты в Акмолу первый президент Казахстана Нурсултан Назарбаев принял в 1997 году.

Указом президента от 20 октября 1997 года с 10 декабря 1997 года столицей Республики Казахстан был объявлен город Акмола.

Из Алматы в Акмолу (Астана)

Было несколько причин переноса столицы из Алматы: удаленность от других регионов Казахстана, город исчерпал резервы для дальнейшего расширения.

После официального переезда в 1997 году центральных государственных органов в Акмолу, было принято еще одно важное решение в отношении столичного города. Указом президента от 6 мая 1998 года город приобрел новое символическое название Астана, что означает «столица».

Международное представление Астаны как новой столицы Казахстана состоялось 10 июня 1998 года. После этого в течение 10 лет праздник города отмечался на местном уровне 10 июня.

Но в 2008 году было принято дополнение к закону «О праздниках», по которому учреждался День столицы как государственный праздник 6 июля.

Символы столицы

За 25 лет Астана приобрела свои символы:

герб столицы - представляет собой круг с изображением двух символов «Байтерека» и «Шанырака» (цвет золота на голубом фоне);

флаг Астаны – прямоугольное полотнище голубого цвета с отношением ширины к длине 1:2, в центре которого размещен герб города, от него во все стороны отходят лучи солнца золотистого цвета;

«Байтерек» — символ страны, имеющей древние корни, но устремленной в будущее;

Национальный музей Казахстана, который по праву считается самым большим в Центральной Азии;

Дворец мира и согласия;

развлекательный центр «Хан-Шатыр» — самый большой шатер в мире;

международный выставочный центр «Экспо».

По материалам сайта sputnik.kz



Лето в самом разгаре!

А ты так и не начал наслаждаться им? У нас есть несколько идей, которые сделают твое лето незабываемым!

Приготовь мороженое. Можно выбрать интересный путь – для этого готовим мороженое по настоящему рецепту. Берем сгущенное молоко и жирные сливки (не менее 30% жирности). Хорошо взбиваем холодные сливки, постепенно добавляем сгущенку и перемешиваем до однородной консистенции. Отправляем в морозильник на несколько часов или сразу на ночь. Утром получаем натуральное сливочное мороженое. Чтобы сделать мороженое с другими вкусами, можно добавить любимые ингредиенты. Добавлять лучше к сгущенке, а потом жидкую массу соединить со сливками. Например, какао для шоколадного мороженого или клубничное пюре – для клубничного. Еще есть вариант попроще – купить готовую смесь для мороженого. Ее достаточно соединить со сливками или жирным молоком. Этот вариант более экономичный, так как цена у нежирных сливок или молока ниже. Смесь тоже стоит недорого, поэтому можно сделать больше мороженого с меньшими затратами.

Устрой летнюю фотосессию. Но не простую. Летом каждая улочка или сквер фотогеничны, поэтому проблем с выбором фона не возникнет. Главное – придумать интересный образ. Подойди творчески – подумай какие детали можно добавить к твоему наряду. Например, разрисовать лицо яркими красками или добавить аксессуаров: шляпу, корзину, рюкзак. Только будь осторожен! Не нужно посещать места, в которых опасно фотографироваться. Железнодорожные пути, каменистые горы и другие места, представляющие опасность.

Создать альбом воспоминаний. Альбом далеко не всегда должен быть с фотографиями. Тут можно сохранить все: билеты в кино, ленточки от подарков, гербарий из цветов и многое другое. Многие выбирают бокс – это вместительнее, но атмосфернее, конечно, альбом. Маленький и уютный – то, что будет напоминать об этом лете. Туда же можно вложить рисунки, стикеры со значимыми словами, даже чеки, которые будут напоминать о приятных летних покупках. Фантазия безгранична: просто начни, и ты поймешь, как много в твоей голове идей – нужно только разогнаться!

Надеемся, эти идеи пополнят твой список летних дел и сделают его еще более интересным! А для удобства мы подготовили маленький чек-лист, который, мы надеемся, мотивирует тебя на то, чтобы сделать это лето особенным ярким! Туда же ты сможешь добавить свои собственные идеи. Забирай!

Создано с помощью 365done.ru

Сделать лето незабываемым!

Выполнить до конца лета каждый из пунктов:

1. Приготовить мороженое ☐
2. Устроить летнюю фотосессию ☐
3. Создать альбом воспоминаний ☐
4. ☐
5. ☐
6. ☐
7. ☐

Конструктор чеклистов и
списков
365done.ru

Список составлен: FARABI SHAKIRTI +
ME
@365done.ru #365done



Гран-при в Беларуси

12-летний Шерхан Арыстан представил нашу страну на XXI международном конкурсе «Витебск», который проводится в рамках ежегодного фестиваля «Славянский базар». Получив максимальные оценки на двух конкурсных днях и обойдя всех других участников, юный певец занял гран-при. Как признается сам Шерхан, в будущем он хочет стать профессиональным певцом, который будет известен на всю страну.



Первые в турнире по боксу

София Вщенко и Виктория Бишлер – ученицы школы-интерната олимпийского резерва в Павлодаре. Юные боксерши выиграли золото в составе национальной сборной среди девочек на соревнованиях, которые проходили в городе Ассизи, Италия. Сначала девочки боксировали с итальянками и выиграли со счетом 7:2, как и во втором дне с полячками. На третий день они одержали безоговорочную победу над испанками со счетом 8:0.



Медали на математической олимпиаде

6 медалей завоевала наша сборная на международной олимпиаде по математике. В составе сборной учащиеся со всех уголков Казахстана. Олимпиада прошла в городе Тиба, Япония. В ней приняли участие более 600 школьников из 112 стран мира. В копилке наших соотечественников – 2 серебряные и 4 бронзовые медали. В мировом зачете наша сборная заняла 21 место.



По материалам интернет-сайтов.



Капибары:

главные животные Интернета в 2023 году

Будучи активным пользователем интернета вы могли не раз наткнуться на изображения с этим милотвидным животным. И это объяснимо — ведь любовь пользователей интернета к капибарам в этом году возросла до невероятных размеров! Но для начала я кратко расскажу о том, что это за животные, чем они питаются и где обитают.

КРАТКО О КАПИБАРАХ

По-научному капибары называются «водяными свиньями» или водосвинками. Но с языка индейцев гуарани капибара переводится, как «поедатель тонкой травы» или «хозяин трав». Капибара является самым большим грызуном на свете. Ее размеры составляют до 1,5 м в длину, а вес достигает около 60 кг.

Их родина — берега водоемов в Центральной и Южной Америке. Распространены в Колумбии, Венесуэле, Эквадоре, Перу, Гайане, Бразилии и в Аргентине. Капибары встречаются чаще всего у болот, лиманов, рек и ручьев. Водосвинки ведут дневной, полуводный образ жизни, редко удаляясь от воды более чем на 1 км.

Питаются преимущественно травянистой растительностью, клубнями, фруктами и корой деревьев.

Фермы в Южной Америке, специализирующиеся на выращивании капибар, очень рентабельны. С

каждого гектара угодий можно получить вчетверо больше мяса, чем при разведении крупного рогатого скота. Да, капибар разводят для получения мяса, кожи и жира для фармацевтического использования.

ЗА ЧТО ИХ ТАК ПОЛЮБИЛИ?

Еще в 2022 году популярность капибар в интернете стала довольно высокой. С ними делают мемы, делают одежду с их изображением, календари, кружки и прочую атрибутику. А короткие ролики с капибарами набирают сотни тысяч просмотров и лайков.

Дело в том, что капибары просто... очень милые. И очень невозмутимые. Их дружелюбный нрав пришелся по душе людям, а их поведение в естественной среде обитания не вызывает ничего, кроме умиления. Они лениво двигаются, мирно валяются на берегах водоемов. Их расслабленность доставляет людям удовольствие.

Кстати, капибары настолько расслабленные, что они даже не обустроят нору. Зверьки располагаются прямо на земле. И такое тоже очень нравится людям.

КАПИБАРЫ — КАК ДОМАШНИЕ ЖИВОТНЫЕ

Капибарам нужен особенный уход. Например, для них нужно обустроить большой загон с деревом или кустом, чтобы грызун мог стачивать зубы. И что самое главное — рядом должен быть просторный водоем. Бассейн для капибары является жизненной необходимостью — в воде животные проводят по полдня.

В кормлении капибар ничего сложного нет — им нужно давать свежее сено и специальный корм для грызунов, а также ветки и кору деревьев. Можно также побаловать капибару лакомствами. Известно, что большие морские свинки послушные и даже поддаются дрессировке.

Капибара очень легко одомашнивается и приручается. Она быстро привыкает к человеку и другим домашним животным. Часто капибары кладут голову на колени хозяину, выпрашивая ласку, а потом переворачиваются на спину и «просят» почесать им живот. Во время этого они часто засыпают. Ну что может быть милее?

Материал из сайта dzen.ru

ИНТЕРЕСНЫЕ ФАКТЫ

✓В Тик-Ток по хэштегу #capybara можно найти более 8 миллиардов публикаций.

✓Для общения между собой капибары используют разные звуки, они напоминают лай собаки, хрюканье, мурлыканье, свист, визжание.

✓Капибары живут общинами, численностью около 20 особей.

✓Они дружелюбны со всеми животными.


✓Несмотря на написанный выше факт, есть хищники, которые могут их поймать. Но скорость у капибар довольно высокая, несмотря на размерный образ жизни, поэтому чаще всего им удается спастись.

✓За день одна взрослая капибара съедает более 3 килограммов травы.

✓Про капибар была написана зажигательная песня, которая стала известной на весь мир.



TOP FACTS ABOUT ELEPHANTS



THEY'RE THE WORLD'S LARGEST LAND ANIMAL

The African Savanna (Bush) elephant is the world's largest land animal – with adult males, or bull elephants, standing up to 3m high and weighing up to 6,000kg on average. Males only reach their full size at 35-40 years - that's well over half their lifespan as wild elephants can live for up to 60-70 years.

And it's not just the adults – even calves are huge! At birth, a baby elephant can weigh 120kg - that's almost 19 stone.

YOU CAN TELL THE THREE SPECIES APART BY THEIR EARS

There are three species of elephant: African Savanna (Bush), African Forest and Asian. The ears of African elephants are much larger than their cousins and are described as being shaped like the African continent, whereas the ears of Asian elephants are shaped like the Indian subcontinent.

There's also a trunk difference - African elephants have two 'fingers' at the tip of their trunks, whereas Asian elephants have one.

THEIR TRUNKS HAVE MAD SKILLS

Elephants have around 150,000 muscle units in their trunk. Their trunks are perhaps the most sensitive organ found in any mammal.

Elephants use their trunks to suck up water to drink – it can contain up to 8 litres of water. They also use their trunks as a snorkel when swimming.

THEIR TUSKS ARE ACTUALLY TEETH

Elephant tusks are actually enlarged incisor teeth which first appear when elephants are around 2 years old. Tusks continue growing throughout their lives.

Tusks are used to help with feeding - prising bark off trees or digging up roots - or as a defense when fighting.

But these beautiful tusks often cause elephants danger.

They're made from ivory; a much desired object. Read on to find out why elephants are under threat.

THEY'VE GOT THICK SKIN

An elephant's skin is 2.5cm thick in most places. The folds and wrinkles in their skin can retain up to 10 times more water than flat skin does, which helps to cool them down.

They keep their skin clean and protect themselves from sunburn by taking regular dust and mud baths.

ELEPHANTS ARE CONSTANTLY EATING

Elephants eat grasses, leaves, shrubs, fruits and roots depending on the season and their habitat. When it's particularly dry, elephants will eat more woody parts of trees and shrubs like twigs, branches and barks. They need to eat up to 150kg of food per day – that's around 375 tins of baked beans – although half of this may leave the body undigested.

Elephants eat so much that they can spend up to three-quarters of their day just eating.

THEY COMMUNICATE THROUGH VIBRATIONS

Elephants communicate in a variety of ways - including sounds like trumpet calls (some sounds are too low for people to hear), ody language, touch and scent. They can also communicate through seismic signals - sounds that create vibrations in the ground - which they may detect through their bones.

A BABY ELEPHANT CAN STAND WITHIN 20 MINUTES OF BIRTH

Amazingly, elephant calves are able to stand within 20 minutes of being born and can walk within 1 hour. After two days, they can keep up with the herd.

This incredible survival technique means that herds of elephants can keep migrating to find food and water to thrive.

www.wwf.org.uk

Homemade tacos

Homemade Tacos are the perfect busy weeknight dinner. These Easy Ground Beef Tacos are better than take-out and ready in minutes.

Mexican Tacos

Traditional Mexican beef tacos are made with marinated sliced or shredded beef on soft corn tortillas. Those are great! But, that's not what most Americans think of when we think of classic tacos.

Best Ground Beef Taco Recipe

Most of us grew up eating ground beef tacos in a crispy corn shell or a soft flour tortilla, with lots of toppings. That's the traditional taco we're making in this recipe. But, we're not using a pre-packaged taco seasoning mix. This recipe uses a flavorful homemade taco seasoning.

What Kind of Ground Beef For Tacos?

Lean ground beef is the best beef to use for making tacos because you don't need to drain off any fat after cooking it. There is just enough fat in the beef to make it super flavorful, but not so much to make it greasy. Skipping the step to drain the fat makes this a quick and easy taco recipe.

Of course, if you have ground beef with more fat, you can still use it in this recipe. Just cook the beef and drain off the fat before you add the taco seasonings.

How To Make Tacos

- *Note: The full printable recipe card is at the bottom of this post.
- Break apart lean ground beef in a skillet over medium-high heat.
 - Add chili powder, cumin, salt, oregano, garlic powder, and pepper.
 - Cook until the beef is browned.
 - Add tomato sauce and water to the meat.
 - Cook until some liquid has evaporated, but the meat is still saucy.
 - Spoon 2 tablespoons of the taco meat into hard taco shells or small soft tortillas.
 - Top the tacos with your favorite traditional taco toppings.



TACO TOPPINGS

Shredded cheese
Shredded lettuce
Chopped tomatoes
Diced onion
Sliced avocado
Sour cream
Guacamole

www.
thewholesomedish.
com

«Ассы - Түрген» обсерваториясы
Қазақстан, Алматы облысы,
Еңбекшіқазақ ауданы

